USG ARCHIVE NUMBER
K 000 540 760

REPORT ARCHIVE COPY

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілік және
Тәуелсіз Аудитор Есебі

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Мазмұны


| | Беті |
|---|---|
| 2016 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ | 1 |
| ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ | 2-4 |
| 2016 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК: | |
| Пайда мен шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп | 5 |
| Қаржылық жағдайы туралы есеп | 6 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 7 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп | 8 |
| Қаржылық есептілікке ескертпе | 9-46 |

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

### 2016 жылдың 31 Желтоқсанына Аяқталған Жыл іші Қаржылық Есептілікті Дайындау және Бекіту Жауапкершілігі туралы Басшылық Мәлімдемесі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі–«Қор») басшылығы Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі–«ХҚЕС») сәйкес 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні 2016 жыл іші өз қызметінің нәтижелерін, ақша қаражаты қозғаласын және капиталдағы өзгерістерді анық көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Басшылық:

- есептік саясат қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есептік саясат туралы деректердің орындылығын, анықтығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау сол немесе өзге мәмілелер, сондай-ақ басқа оқиғалар не талаптар Схеманың қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижесіне әсер еткен есептілікті пайдаланушының түсінуіне жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Қордың жақын болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты болады.

Басшылық сондай-ақ:

- Қордағы ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеуге, ендіруге және қамтамасыз етуге;
- Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есепке алу жүйесіне қолдау көрсетуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ықтимал орынды шараларды қабылдауға; және
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтауға және алдын алуға жауапты.

Осы 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті Басшылық 2017 жылғы 24 наурызда бекітті.

**Басшылық атынан**

| | |
|---|---|
| **Наурызбаева Нурбуби Серекхажиевна** | **Куатова Армида Шайзадиновна** |
| **Басқарма төрайымы** | **Бас бухгалтер** |
| 24 наурыз 2017 жыл | 24 наурыз 2017 жыл |
| Алматы қаласы | Алматы қаласы |

Deloitte.

«Делойт» ЖШС
Әл-Фараби даңғ., 36,
Алматы қ., 050059,
Қазақстан Республикасы

Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
almaty@deloitte.kz
www.deloitte.kz

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Акционеріне

### Пікір

Біз 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы есепті және сол күні аяқталған жыл іші пайда мен шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті және ақша қаражаты қозғалысы туралы есепті, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке берілген ескертпелерді қамтыған «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі–«Қор») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, ұсынылған қаржылық есептілік Қордың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ сол күні аяқталған жыл іші қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі– «ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсетеді.

### Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндетіміз осы есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудитор жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесінің *Кәсіпқой Бухгалтерлер Әдеп Кодексіне* («Кодекс») және Қазақстан Республикасындағы қаржы есептілігі аудитіне қойылатын этикалық талаптарға сәйкес Қорға тәуелді емеспіз. Сонымен қатар біз осы Кодекс пен талаптарда белгіленген басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болатынына сенімдіміз.

### Басқа мәліметтер

Қордың 2015 жылдың 31 желтоқсанына және сол күні аяқталған жыл іші қаржылық есептілігін басқа аудиторлар жүргізген, олардың 2016 жылғы 24 наурыздағы берген есебінде осы есептілік жөнінде модификацияланбаған пікір білдірген.

### Корпоративті басқаруға, қаржылық есептілікке жауапты басшылық пен тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-қа сәйкес қаржылық есептіліктің дұрыс жасалып, берілуіне және басшылықтың тиянақсыз іс-әрекеттері немесе қателіктері салдарынан орын алатын елеулі бұрмалаушылықтарсыз қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп есептейтін ішкі бақылауға жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық үздіксіз қызметті жалғастыруға Қор мүмкіншілігін бағалауға, үздіксіз қызметке жатқызылған мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуына және басшылық Қорды жоюға ниет білдірген, оның қызметін тоқтатқан немесе басшылықтың Қор қызметін жоюға немесе тоқтатуға себебі жоқ болған жағдайларды қоспағанда, үздіксіз қызметі туралы есептіліктің жасалуына жауапты.

Делойт» атауы бір немесе бірнеше кез келген «Делойт Туш Томацу» тобына кіретін заңды тұлғалардың біріне қатысты, оның қатысушыларының жауапкершілігі олар кепілдік берген көлеммен шектелетін, Ұлыбритания заңнамасына сәйкес тіркелген жеке компания болып табылады; әр сондай заңды тұлға жекеше және тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. «Делойт Туш Томацу Лимитед» тобының және оған кіретін заңды тұлғалардың заңды құрылымы туралы ақпарат келесі сайтта көрсетілген: www.deloitte.com/about. «Делойт» ТМД заңды құрылымы туралы ақпарат келесі сайтта көрсетілген: www.deloitte.com/ru/about

© 2017 «Делойт Туш Томацу Лимитед» мүшесі

Корпоративті басқаруға жауапты тұлға Қордың қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты.

**Қаржылық есептілік аудитіне аудитор жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз - қаржылық есептіліктің алаяқтықтың не қателердің салдарынан елеулі өзгерістерді қамтымайтындығына орынды көз жеткізу және біздің пікірімізді қамтыған аудитор есебін беру. Орынды көз жеткізу – бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ол ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайды дегенге кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар алаяқтық не қателердің нәтижесі болуы мүмкін және жеке немесе жиынтығында олар қаржылық есептіліктің негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешіміне ықпал етуі мүмкін дегенге негізделген болса елеулі болып саналады.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдаулар қолданамыз және аудит жүргізген уақыт ішінде кәсіби күмәншілдікті ұстанамыз. Бұдан басқа, біз:

- алаяқтық не қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалаушылық тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерге аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз, өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықты анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелінен жоғары. Себебі алаяқтыққа келісу, алдау, қасақана өткізу, ақпаратты жалған беру немесе әрекет ететін ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекет ету кіреді;
- жағдайларға сәйкесетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылау түсініктерін аламыз, бірақ Схеманың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есептік саясаттың тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық даярлаған ақпараттың тиісті жария болуын бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты бірқатар белгісіздіктердің бар екені туралы тұжырым жасаймыз, оның нәтижесінде Схеманың қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән келтірілуі мүмкін. Егер біз бірқатар белгісіздіктер бар деген қорытынды жасасақ, онда біз өз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісінше ашылуына назар аудартуға немесе ақпарат тиісінше ашылмаған жағдайда пікірді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасалатын күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда, келешектегі оқиғалар мен жағдайлар Схеманы қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетінен айыруға әкеп соғуы мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы берілуін, оның құрылымы мен мазмұнын, сонымен қатар ақпараттың ашылуын, сондай-ақ есептіліктің негізін құрайтын операциялар мен оқиғаларды көрсетудегі дәйектіліктің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративті басқаруға жауап беретін тұлғаларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі проблемалар туралы, оның ішінде ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы мағлұмат береміз.

Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінің
2006 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 0000015, МФЮ-2 сериялы
Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
мемлекеттік лицензиясы

Нұрлан Бекенов
Тапсырма бойынша серіктесі
Қазақстан Республикасының
білікті аудиторы
1994 жылғы 13 маусымдағы
№ 0082 біліктілік куәлігі
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

24 наурыз 2017 жыл
Алматы

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

**2016 жылғы 31 Желтоқсанға Аяқталған жыл іші**
**Пайда мен Шығын және Басқа Жиынтық Кіріс туралы Есеп**
*(Қазақстандық мың Теңгемен)*

| | Ескертпе | 2016 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл | 2015 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Комиссиялық кіріс | 5 | 58,563,783 | 58,856,318 |
| Комиссиялық шығыс | 6 | (6,536,550) | (21,164,569) |
| **Таза комиссиялық кіріс** | | **52,027,233** | **37,691,749** |
| Пайыздық кіріс | 7 | 7,519,052 | 2,308,319 |
| Шетел валюталарымен жасалған операциялардан таза пайда | | (114,683) | 4,734,353 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерімен жасалған операциялардан таза сатылған шығын | | - | (111,767) |
| Басқа операциялық (шығыс)/кіріс, нетто | | (20,983,434) | - |
| **Таза комиссиялық кіріс** | | 325,654 | (3,443) |
| **Операциялық кіріс** | | **38,773,822** | **44,619,211** |
| Қызметкерге жұмсалатын шығыстар | 8 | (9,103,897) | (7,655,795) |
| Басқа жалпы әкімшілік шығыстар | 9 | (3,818,817) | (2,550,395) |
| Салық салғанға дейінгі пайда | | **25,851,108** | **34,413,021** |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 10 | (4,824,016) | (6,779,519) |
| **Таза пайда** | | **21,027,092** | **27,633,502** |
| **Табыс салығы шегерілген басқа жиынтық кіріс** | | | |
| *салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | |
| *пайдаға салынатын салық шегерімімен, сату үшін қолда бар қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалау бойынша таза шығын* | | (1,020,108) | (301,737) |
| пайдаға салынатын салық шегерімімен жыл бойы сатылған, сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша қайта жіктеу | | - | 111,767 |
| ***салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелмейтін баптар*** | | | |
| пайдаға салынған салық шегерімімен Жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан түскен кіріс | | 20,770 | - |
| **Басқа жиынтық шығын** | | **(999,338)** | **(189,970)** |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | **20,027,754** | **27,443,532** |

**Басшылық атынан:**

**Наурызбаева Нурбуби Серекхажиевна**
**Басқарма төрағасы**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

**Куатова Армида Шайзадиновна**
**Бас бухгалтер**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

9-46 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## 2016 жылғы 31 Желтоқсандағы Жағдай бойынша Қаржылық Жағдай туралы Есеп
*(Қазақстандық мың Теңгемен)*

| | Ескертпе | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 11 | 12,026,933 | 16,918,433 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 12 | 18,853,763 | 20,120,688 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 13 | 33,295,839 | 26,920,776 |
| Алынған комиссиялық кіріс | 14 | 2,912,727 | 6,348,208 |
| Ағымдағы салық активі | | 3,396,277 | - |
| Инвестициялық мүлік | | 22,761 | 22,761 |
| Жылжымайтын мүлік, үйлер, жабдықтар мен материалдық емес активтер | 15 | 2,267,911 | 1,048,000 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 10 | 4,255,512 | 3,362,396 |
| Басқа да активтер | | 399,785 | 152,677 |
| **Активтердің жиыны** | | **77,431,508** | **74,893,939** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ** | | | |
| Пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттеме | | - | 1,305,940 |
| Сенімгерлікпен басқарғаны үшін ҚРҰБ төлеміне комиссия | 16 | 571,285 | 16,611,467 |
| Басқа да міндеттемелер | 17 | 525,880 | 669,943 |
| Міндеттемелер жиыны | | **1,097,165** | **18,587,350** |
| КАПИТАЛ | | | |
| Акционерлік капитал | 18 | 7,114,244 | 7,114,244 |
| Резервтік капитал | 18 | 4,056,517 | 4,056,517 |
| Сату үшін қолда бар активтерді қайта бағалау резерві | | (1,452,775) | (432,667) |
| Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резерві | | 16,296 | - |
| Бөлінбеген пайда | | 66,600,061 | 45,568,495 |
| **Капитал жиыны** | | **76,334,343** | **56,306,589** |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | | **77,431,508** | **74,893,939** |

**Басшылық атынан:**

**Наурызбаева Нұрбүби Серекхажиевна**
**Басқарма Төрайымы**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

**Куатова Армида Шайзадиновна**
**Бас бухгалтер**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

9-46 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

**2016 жылғы 31 Желтоқсандағы Аяқталған жыл іші Капиталдағы Өзгерістер туралы Есеп**
*(Қазақстандық мың Теңгемен)*

| | Акционерлік капитал | Резервтік капитал | Сату үшін қолда бар активтерді қайта бағалау резерві | Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резерві | Бөлінбеген пайда | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға** | 7,114,244 | 4,056,517 | (242,697) | - | 17,934,993 | 28,863,057 |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 27,633,502 | 27,633,502 |
| Басқа да жиынтық шығын | - | - | (189,970) | - | - | (189,970) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **7,114,244** | **4,056,517** | **(432,667)** | **-** | **45,568,495** | **56,306,589** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 21,027,092 | 21,027,092 |
| Пайдаға салынған салық шегерімімен Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау бойынша бөлінбеген пайдаға ауыстыру | - | - | - | (4,474) | 4,474 | - |
| Басқа да жиынтық шығын | - | - | (1,020,108) | 20,770 | - | (999,338) |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **7,114,244** | **4,056,517** | **(1,452,775)** | **16,296** | **66,600,061** | **76,334,343** |

**Басшылық атынан:**

**Наурызбаева Нурбуби Серекхажиевна**
**Басқарма төрайымы**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

**Куатова Армида Шайзадиновна**
**Бас бухгалтер**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

9-46 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

**2016 жылғы 31 Желтоқсанда Аяқталған жыл іші**
**Ақша Қаражатының Қозғалысы туралы Есеп**
*(Қазақстандық мың Теңгемен)*

| | Ескертпе | 2016 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл | 2015 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | | |
| **Пайдаға салық салынғанға дейінгі пайда** | | **25,851,108** | **34,413,021** |
| *Түзетулер:* | | | |
| *Тозу және амортизация* | 15, 9 | 641,392 | 251,543 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін есептен шығарудан болған шығын | | - | 111,767 |
| Жылжымайтын мүлік, үйлер, жабдықтар мен материалдық емес активтерді есептен шығарудан болған шығын | | 3,180 | 543 |
| Инвестициялық мүліктің құнсызлануынан болған шығын | | - | 7,696 |
| Демалыс резерві | | 9,526 | 46,016 |
| Күмәнді талаптар резерві | | 20,983,434 | - |
| Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза шығын/(пайда) | | 114,683 | (4,734,353) |
| Пайыздық кіріс | 7 | (7,519,052) | (2,308,319) |
| **Операциялық активтердің (ұлғаюы)/кемуі** | | | |
| Алынатын комиссиялық кіріс | | 3,435,481 | (4,679,213) |
| Басқа да активтер | | (196,721) | 68,792 |
| **Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(кемуі)** | | | |
| Сенімгерлікпен басқарғаны үшін ҚРҰБ төлеміне комиссия | | (16,040,181) | 13,337,631 |
| Басқа да міндетемелер | | (144,037) | (66,704) |
| **Пайда салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі** | | **27,138,813** | **36,448,420** |
| Төленген пайда салығы | | (10,419,349) | (8,072,416) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі** | | **16,719,464** | **28,376,004** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | | |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін сатып алу | | (5,040,526) | (12,150,729) |
| Сату үшін қолда бар активтерді сату және өтеу | | - | 305,321 |
| Банктердегі мерзімді салымдарды орналастыру | | (66,637,950) | (26,100,150) |
| Банктердегі мерзімді салымдардан түскен түсімдер | | 50,346,710 | 16,797,567 |
| Жылжымайтын мүлік, үйлер, жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу | | (1,843,713) | (428,635) |
| Алынған пайыздар | | 2,014,865 | 2,214,045 |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жылыстауы** | | **(21,160,614)** | **(19,362,581)** |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | **-** | **-** |
| **АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (АЗАЮЫ) КӨБЕЮІ** | | **(4,441,150)** | **9,013,423** |
| Ақша қаражатының және оның баламаларының шамасына валюта бағамдары өзгерісінің ықпалы | | (450,350) | 1,458,925 |
| **Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 11 | 16,918,433 | 6,446,085 |
| **Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 11 | **12,026,933** | **16,918,433** |

**Басшылық атынан:**

**Наурызбаева Нұрбүби Серекхажиевна**
**Басқарма Төрайымы**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

**Куатова Армида Шайзадиновна**
**Бас бухгалтер**

24 наурыз 2017 жыл
Алматы қаласы

9-46 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. Ұйым

### Негізгі қызмет

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі, «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қыркүйектегі № 1372 қаулысына сәйкес «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ ретінде 1997 жылы 17 желтоқсанда құрылды. Қор 1997 жылы дербес зейнетақы жинақтарының жүйесіне өтуге бағытталған зейнетақы реформасын өткізуге байланысты құрылды. Қор 2005 жылы 1 ақпанда «ГНПФ» мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ болып қайта тіркелді.

2013 жылғы 21 маусымда «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң») жаңа редакциясы қабылданды. Аталған заңға сәйкес Қазақстан Республикасында барлық міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартумен Қор айналысуы тиіс, ал сол сәтте басқа жинақтаушы зейнетақы қорлары жинаған барлық зейнетақы активтері мен міндеттемелері Қорға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен кесте бойынша өткізілуі тиіс. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін Қорға қабылдау-өткізу графигі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі, «ҚРҰБ») Басқарма Төрағасының 2013 жылғы 22 тамыздағы № 356 бұйрығымен бекітілген. Жоғарыда көрсетілген бұйрыққа сәйкес зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру 2013 жылғы 11 қазанда басталды және 2014 жылғы 26 маусымда аяқталды.

2013 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 747 қаулысымен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы құрылды. 2013 жылғы 22 тамызда атауының өзгеруіне байланысты «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы ретінде қайта тіркеу жүргізілді. Жарғыға сәйкес Қор – коммерциялық емес ұйым. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сай Қордың жалғыз акционері – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ (бұдан әрі – «ММЖК») арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және 2013 жылғы 24 қыркүйекте ҚРҰБ және 2013 жылғы 25 қыркүйекте ММЖК тіркеген сенімгерлік басқару шартына сәйкес Қор акцияларының мемлекеттік топтамасын ММЖК сенімгерлік басқаруға ҚРҰБ-ға берді.

Қор зейнетақы схемасының (бұдан әрі – «Схема») активтері бойынша зейнетақы жарналарын жинақтау қызметін орындайды. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және Жарғыға сәйкес Қор қызметінің негізгі түрлері:

- міндетті және ерікті зейнетақы және кәсіптік зейнетақы жарналарын жинау;
- зейнетақы төлемдерін жасау; және
- зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алу.

Сенімгерлік басқару шартына сәйкес Қор тартқан зейнетақы активтерін сақтау, есепке алу және инвестициялық басқаруды Қор атынан ҚРҰБ жүзеге асырады.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Схеманың зейнетақы активтері кастодиан банк – ҚРҰБ сақтауында болды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес Қор өз қызметі үшін таза инвестициялық табыс сомасының 7,5 пайызынан аспайтын және зейнетақы акивтерінің жалпы сомасының 0,025 пайыз көлемінде комиссиялық сыйақы алуға құқылы.

2016 жылы Қор Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстан жылына 5,25% мөлшерінде (2015 жылы: жылына 7,5%) комиссиялық кіріс алды. Есеп ай сайын жүргізіледі және есепке алу үшін бір айға есептелген Схеманың зейнетақы активтерінен түскен инвестициялық кірісі пайдаланылады.

2016 жылы Қор Схеманың зейнетақы активтері сомасынан ай сайын 0.0225% мөлшерінде (2015 жылы: ай сайын 0,025%) комисииялық кіріс алды. Есеп ай сайын жүргізіледі және есепке алу үшін комиссиялық кіріс саналатын және есептелетін айдың алдындағы айдың бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша Схеманың зейнетақы активтерінің құны пайдаланылады. Есепте ҚРҰБ Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы №24 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидаларына» сәйкес (бұдан әрі–«Бағалау қағидасы») есептелген Схеманың зейнетақы активтерінен есептелген инвестициялық табыс есебінсіз зейнетақы активтері құны пайдаланылады.

2016 жылға Схеманың зейнетақы активтерінің сомасынан және Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстан комиссиялық кірістің пайыздық мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 қазандағы №189 қаулысына сәйкес бекітілді.

Зейнетақы активтерін басқарудан бөлек Қор осы қаржылық есептілікте көрсетілген өзінің меншікті активтерімен операциялар жүргізеді. Схеманың активтері зейнетақы жүйесі активтерінің қаржылық есептілігінде көрсетілген және осы қаржылық есептілікте ашылмаған.

Қордың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың Қазақстан Республикасында операциялық қызмет көрсететін 18 филиалы бар (2015 жылы: 18).

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор қызметкерлерінің саны – тиісінше 2,123 және 2,056 адам.

**Акционерлер**

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері – ММЖК арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және 2013 жылғы 24 қыркүйекте ҚРҰБ және 2013 жылғы 25 қыркүйекте ММЖК тіркеген сенімгерлік басқару шартына сәйкес Қор акцияларының мемлекеттік топтамасын ММЖК сенімгерлік басқаруға ҚРҰБ-ға берді.

## 2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

**Сәйкестік туралы мәлімдеме. Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды.**

Осы қаржылық есептілік Қордың өз қызметін болашақта жалғастыратын болады деген жорамалға қарай дайындалды.

Осы қаржылық есептілік қазақстандық мың теңгеде (бұдан әрі – «мың теңге») берілді.

Осы қаржылық есептілік төменде түсініктеме берілетін, әрбір есепті айға қайта бағалау немесе әділ құн бойынша есептелетін, кейбір жылжымайтын мүлік, үйлер, жабдықтар мен қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құн бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Тарихи құн әдетте тауар мен қызметтерге айырбасталатын сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құн бағалау күніндегі нарықтың қатысушылары арасындағы әдеттегі мәміле аясында активті сатудан алынған немесе міндеттемелерді беру кезінде төленген бағаны білдіреді, бұл мұндай бағаның тікелей бақыланатындығына немесе бағалаудың басқа әдістемесін пайдалану арқылы есептесу жолымен алынғандығына тәуелді емес. Актив немесе міндеттемелердің әділ құнын бағалау кезінде нарықтың қатысушылары бағалау күнгі актив немесе міндеттемелердің бағасын жасау кезінде сипаттамасын ескерген болса, Қор актив немесе міндеттемелердің сипаттамасын ескереді. Әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу және/немесе әділ құн бойынша бағалау өткізу үшін осы қаржылық есептіліктегі әділ құн 2-ХҚЕС (IFRS) қолдану саласына жатқызылған меншікті үлестік құралдар, 17-ХҚЕС (IAS) қолдану саласына жатқызылған лизинг операциялар, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын бағалау негізінде төлемдермен жасалған мәмілелерді қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілдермен анықталады, бірақ бұл ретте мысалы 2-ХҚЕС-та (IFRS) іске асырылуы мүмкін таза құн немесе 36-ХҚЕС-та (IAS) қолдану құндылығы әділ құны емес.

Бұдан басқа, қаржылық есептілікті дайындау мақсатында әділ құн бағасы әділ құн иерархиясы (1, 2 немесе 3-деңгей) негізінде жіктеледі. Деңгей нарықтық деректер негізінде әділ құнды тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және әділ құнды бағалау кезінде пайдаланылатын бастапқы деректердің мәні көрсетіледі жалпы:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері Қордың бағалау күнге қолжетімді ұқсас активтерге немесе міндетемелерге белсенді нарықта белгіленген бағаға түзетуді қажет етпейді;
- 2-деңгейдің бастапқы деректері нарықта актив немесе міндеттеме тікелей не жанама бақыланатын, алайда 1-деңгей үшін белгіленген баға емес; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер.

Қор Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есебін жүргізеді. Осы қаржылық есептілік ХҚЕС-ке сәйкес келтіру мақсатында тиісті түзетулері бар Қордың бухгалтерлік есебі негізінде дайындалды.

**Функционалдық валюта.** Қордың қаржылык есептілігіне енгізілген баптар Қордың жұмыс істейтін («функционалдық валюта») бастапқы экономикалық орта валютасында өлшенеді. Компанияның осы қаржылық есептілігіндегі валюта – қазақстандық теңге («теңге»). Барлық мәндер бүтін мың теңгеге дөңгелектенген.

**Өзара есепке алу.** Қаржы активі мен қаржылық міндеттеме есепке алынады және Қордың баланста танылған соманы есепке алуға заңды бекітілген құқығы болса ғана және сальдолау сомасы бойынша активті өткізуге және бір уақытта міндеттемені орындауға ниеті болса, сальдолау сомасы қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Бухгалтерлік есеп стандарты бойынша қажет ететін немесе рұқсат етілетін немесе тиісті пайымдайтын жағдайларды қоспағанда пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс туралы есепте кірістер мен шығыстар есептелмейді.

**Кірісті тану**

Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану. Қордың экономикалық пайда алуға мүмкіндігі жоғары және кіріс шамасы нақты анықталуы мүмкін болса, қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер танылады. Пайыздық кірістер мен шығыстар есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің (немесе қаржы активтерінің тобы/қаржылық міндеттемелердің тобы) амортизацияланған құнын есептегенде, сондай-ақ пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты тиісті кезеңге жатқызғанда жасалатын әдіс.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл үлестік құралдың өтелгенге дейінгі күтілетін мерзімге немесе үлестік құралды есепке қабылдаған кезіндегі теңгерім құнына дейінгі ең қысқа мерзімге (егер қолдануға болса) күтілетін болашақ ақша түсімдерін (пайыздың тиімді мөлшерлемесі ажырамас бөлігі болып табылатын үлестік құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілелерді ресімдеу және басқа сыйлықақы немесе дисконттар бойынша шығындарды қосқанда) дисконттау мөлшерлемесі.

Егер қаржы активі немесе бірыңғай қаржы активтерінің тобы құнсыздану нәтижесінде есептен шығарылған болса (ішінара есептен шығарылған болса), пайыздық кіріс құнсызданудан болған шығындарды есептеу мақсатында болашақ ақша ағынын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлеме есебімен анықталады.

Әділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша алынған пайыз пайыздық кіріс ретінде жіктеледі.

**Қаржы құралдары.** Қаржы активтері мен қаржылық міндеттеме Қор тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарап болса, Қордың қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі. Қор есеп айырысу күні қаржы активтері мен міндеттемелерді сатып алудың және өткізудің бар тұрақты сипатын көрсетеді. Сатып алу немесе сату бойынша стандарт мәмілелер нормативтік актілер немесе нарықтық тәжірибеде белгіленген мерзімде берілетін активтерді талап ететін қаржы активтерін сатып алуды немесе сатуды білдіреді.

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттеме бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерден басқа) сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты транзакциялық шығыстар бастапқы тану кезіндегі қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын тиісінше көбейтеді немесе азайтады. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері немесе қаржылық міндеттеме сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығыстар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

**Қаржы активтері.** Қаржы активтері төмендегі санаттар бойынша жіктеледі: пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша (« FVTPL»); өтелгенге дейін ұсталатындар («HTM»); сату үшін қолда бар («AFS»); сондай-ақ займдар мен дебиторлық берешек. Қаржы активтерін сол немесе өзге класқа жатқызу олардың сатып алу ерекшелігі мен мақсатына және оларды есепке қабылдаған кезге байланысты болады.

<u>FVTPL санатындағы қаржы активтері.</u> Қаржы активі 3-ХҚЕС қолданылатын бизнесті біріктіру үдерісінде сатып алушының төлеуі мүмкін шартты өтемі болған (i), не саудаға арналған (ii), не бастапқыда танылған кезде FVTPL санатында белгіленген (iii) жағдайда FVTPL ретінде жіктеледі.

Қаржы активі, егер:

- негізгі мақсат оны жақын арада қайта сату мақсатымен сатып алынса;
- бастапқыда есепке қабылдаған кезде Қордың бірыңғай портфель ретінде басқарылатын қаржы құралдары портфелінің бөлігі, ол бойынша қысқа мерзімді сатып алу мен қайта сату туралы жақын арада болған оқиға болса; немесе
- хеджирлеу құралы ретінде жіктелмейтін және пайдаланылмайтын туынды құрал болса саудаға арналған қаржы активі ретінде жіктеледі.

Бизнесті біріктіру үдерісінде «саудаға арналған» не сатып алушының төлеуі мүмкін шартты өтемі емес қаржы активі есепке қабылданған кезде егер:

- осылай жіктеуді қолдану активтерді немесе міндеттемелерді бағалаған немесе есепке алған кезде теңгерімсіздікті жойса немесе айтарлықтай қысқартса, олай болмаған жағдайда да пайда болса;
- қаржы активі Қордың тәуекелдерді басқару ресми ресімделген стратегиясына немесе инвестициялық стратегиясына сәйкес әділ құны негізінде басқарылатын және бағаланатын қаржы активтерінің, қаржылық міндеттемелер тобының бөлігі немесе қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер тобы болып табылса, және осындай қаржы активтерінің тобы туралы ақпарат ұйым ішінде осы негізде ұсынылса; немесе
- қаржылық міндеттеме бір немесе бірнеше орналастырылған деривативтерді қамтитын құрал бөлігі болса және 39-ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: Тану және бағалау» пайда немесе шығын туралы есептегі өзгерістерді тани отырып, әділ құн ретінде жалпы (актив немес міндеттеме) құралды жіктеуге рұқсат берілсе FVTPL ретінде белгіленуі мүмкін.

FVTPL қаржы активтері қайта бағаланған әділ құн бойынша пайдада немесе шығында көрсетіледі. Таза пайда немесе шығын қаржы активі бойынша алынған дивидендтер мен пайыздарды құрайды және «басқа пайда мен шығын» және «пайыздық кірістер» тармағы бойынша тиісінше пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Әділ құн 24-ескертпеде келтірілген тәртіппен белгіленеді.

Өтелгенге дейінгі ұсталатын инвестициялар. Тіркелген немесе анықталатын төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар, Қор өтеу мерзіміне дейін ұстап тұруға ниетті және мүмкіндігі бар туынды емес қаржы активтері HTM санатындағы қаржы активтері болып танылады. Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар құнсыздануға арналған резервтерді шегергендегі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылған амортизацияланған құн бойынша есептеледі.

Егер Қор өтеу мерзіміне дейін елеусіз сомадан артық өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды сатса немесе қайта жіктесе (жекелеген жағдайлардан басқа), барлық санат сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құрамына ауыстырылуы тиіс. Бұдан басқа, Қорға ағымдағы қаржы жылына және соңғы екі жылда өтелгенге дейінгі ұсталатын кез келген қаржы активтерін жіктеуге тыйым салынады.

Сату үшін қолда бар қаржы активтері. AFS қаржы активтері сату үшін қолда бар ретінде анықталған туынды емес қаржы активтерін немесе (а) займдар мен дебиторлық берешек, (б) өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар, (в) пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтерін білдіреді.

Ұйымдасқан нарық айналымындағы акциялар мен мерзімді облигациялар «сату үшін қолда бар» ретінде жіктеледі және әділ құны бойынша көрсетіледі. Қордың AFS санатындағы қаржы активтері ретінде жіктелетін және әділ құны бойынша есептелетін (өйткені Қор басшылығы әділ құнды сенімді бағалауға болады деп санайды) ұйымдасқан нарықта айналмаған акцияларға салған салымы бар. Әділ құн 24-ескертпеде келтірілген тәртіппен белгіленеді. Әділ құнның өзгеруі салдарынан болған кірістер мен шығыстар тұрақты сипаты бар құнсыздануды, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірісті, пайдада немесе шығында танылатын дивидендтік кіріс пен бағамдық айырманы қоспағанда, инвестицияларды қайта бағалау қоры құрамында басқа да жиынтық кірісте танылады. Жинақталған кірістер немесе шығыстардың қаржы активтері есептен шыққан немесе құнсызданған кезде инвестицияларды қайта бағалау қорында бұрын танылғандар есептен шығару немесе құнсыздану кезеңінде қаржылық нәтижеге жатқызылады.

AFS санатындағы шетел валютасындағы ақшалай активтердің әділ құны сол валютада белгіленеді және есепті күнгі айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Пайдаға немесе шығынға қатысты бағамдық айырма ақшалай активтің амортизацияланған құнына байланысты белгіленеді. Басқа бағамдық айырма басқа да жиынтық кірісте танылады.

Белсенді нарықта белгіленген бағасы жоқ және әділ құны сенімді бағаланбауы мүмкін AFS санатындағы үлестік бағалы қағаздар салымы әрбір есепті кезең соңында белгіленген құнсызданудан шығыны шегерілген өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Дебиторлық берешек. ҚРҰБ шоттарын, банктердегі қаражаттарды және басқа да қаржы активтерді қоса алғанда, ұйымдасқан нарықта айналмайтын, тіркелген немесе белгілі бір төлемдері бар дебиторлық берешек «дебиторлық берешек» ретінде жіктеледі. Дебиторлық берешек құнсыздану шегерімімен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылған амортизацияланған құн бойынша есептеледі. Пайыздық кіріс қысқа мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме қолдану арқылы танылады, ол бойынша пайыздық кіріс азғантай.

Қаржы активтерінің құнсыздануы. FVTPL санатындағы активтерді қоспағанда, қаржы активтері әрбір есепті кезеңнің соңында құнсыздану мәні бойынша бағаланады. Қаржы активтері қаржы активі есепке қабылданғаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалар нәтижесінде актив бойынша болжалды болашақ ақшалай ағынның азаюын растайтын объективті деректер болған кезде құнсызданды деп саналады.

AFS санатындағы акцияларға ұйымдасқан нарық айналымындағы және айналымда жоқ салымдардың әділ құны едәуір немесе ұзақ төмендеуі оларды сатып алған құннан төмен болса, құнсызданудың объективті дәлелдемесі болып табылады.

Барлық басқа қаржы активтері бойынша құнсызданудың объективті дәлелдемесі мынадай болуы мүмкін:

- эмитенттің немесе қарсы агенттің едәуір қаржылық қиындығы; немесе
- шартты бұзу, мысалы, пайызды немесе негізгі қарыз сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару; немесе
- пайыз және негізгі қарыз сомасы төлемін төлемеу немесе мерзімін өткізу; немесе
- заемшының банкрот болуының немесе қаржылық қайта құрылуының жоғары ықтималдылығы; немесе
- қаржылық қиындық салдарынан осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Дебиторлық берешек жекелей құнсызданды деп танылған активтер ретінде қаржы активтерінің жекелеген санаттары үшін жалпы портфель бойынша құнсыздану мәні бойынша бағаланады. Займ және дебиторлық берешек портфелі құнының объективті төмендеу белгісі болып портфель бойынша берешекті өтеу бойынша кешіктіру санының артуы, сондай-ақ әдетте төлем бойынша дефолтқа ұшыраған ұлттық және жергілікті экономикадағы өзгерістерді білдіретін берешекті өндіру бойынша Қордың өткен тәжірибесі болуы мүмкін.

Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активтері үшін құнсызданудан болған шығын шамасы активтің теңгерім құны мен қаржы активі бойынша пайыздың бастапқы тиімді мөлшерлемесі қолданылған, дисконтталған болжалды болашақ ақша ағынының ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Сатып алу құны бойынша есептелетін қаржы активтері үшін құнсызданудан болған шығын активтің теңгерім құны мен осындай қаржы активі үшін ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлеме қолданылған, дисконтталған болжалды болашақ ақша ағынының ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде белгіленеді. Құнсызданудан болған осындай шығындар алдағы уақытта қайта қалпына келмейді.

Құнсызданудан болған шығын резерв құру есебінен барлық қаржы активтерінің теңгерім құнын азайтады. Қаржы активтері үмітсіз деп танылған жағдайда резерв есебінен есептен шығарылады. Өтеу салдарынан алынған бұрын есептен шығарылған сома резерв есебінен кредиттеледі. Резерв өзгерісі пайда немесе шығында көрсетіледі.

Егер AFS санатындағы қаржы активі құнсызданды деп танылса, онда басқа да жиынтық кірісте жиналған кірістер мен шығыстар пайда немесе шығын құрамына ауыстырылады.

Егер амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активінің құнсыздануынан болған шығын мөлшері кейінгі кезеңде төмендесе, мұндай төмендеу құнсыздану танылғаннан кейін орын алған оқиғаға объективті байланысты болуы мүмкін, онда бұрын көрсетілген құнсызданудан болған шығын пайда немесе шығын шоты арқылы қалпына келтіріледі. Бұл ретте құнсызданудан болған шығынды қалпына келтірген күнгі қаржы активтерінің теңгерім құны құнсыздану танылмаған жағдайда, көрсетілуі мүмкін амортизацияланған құннан аспауы да мүмкін.

Пайда немесе шығында бұрын көрсетілген AFS санатындағы үлестік бағалы қағаздардың құнсыздануынан болған шығындар қалпына келмейді. Құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін осындай активтердің әділ құнын өсіру тікелей басқа да жиынтық кірісте көрсетіледі және қордың инвестицияларды қайта бағалау бабы бойынша жиналады.

AFS санатындағы үлестік бағалы қағаздарға қатысты құнсызданудан болған шығын салдары қаржы салымдарының әділ құнын өсіру құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін болған оқиғаға объективті байланысты болуы мүмкін қаржы салымдарының әділ құнын өсірсе, пайда немесе шығын арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржы активтерін тануды тоқтату.

Қор қаржы активін тануды осы қаржы активі бойынша ақша ағындарына шарттық құқығын жоғалтқан кезде ғана немесе басқа тарапқа қаржы активі мен тиісті тәуекелдер мен пайданы берген жағдайда тоқтатады. Егер Қор активті иеленуден болатын барлық тәуекелдер мен пайдаларды өткізбеген және сақтамаған жағдайда және берілген активке бақылауды жалғастырса, онда оның тиісті соманың ықтимал төлемі бойынша ықтимал міндеттемелерге байланысты және осы активтегі өз үлесін көрсетуді жалғастырады. Егер Қор берілген қаржы активін иеленуден болған барлық тәуекелдер мен пайдаларды іс жүзінде сақтаған жағдайда, ол осы қаржы активін есептеуді жалғастырады, ал қаражатты берген кезде алынғандар қамтамасыз етілген займ түрінде көрсетіледі.

Қаржы активін толық есептен шығарған кезде активтің теңгерім құны мен сыйақы алуға алынған және тиесілі сомасы арасындағы айырма, сондай-ақ басқа да жиынтық кірісте танылған және капиталда жиналған жиынтық пайда немесе шығын пайда немесе шығынға жатқызылады.

Егер қаржы активін тану толығымен тоқтатылмаса (мысалы, Қор берілген активтің бөлігін сатып алу мүмкіндігін сақтайтын болса), Қор осы қаржы активінің алдыңғы теңгерім құнын жалғасымды қатысу аясында тануды жалғастыру бөлігі мен ол танымайтын бөлігі арасында бұл беру күніндегі осы бөліктердің әділ құнының мәніне қарай үлестіреді. Есептен шығарылатын бөліктің теңгерім құны мен есептен шығарылатын бөлік үшін алынған сыйақы сомасы арасындағы айырма, сондай-ақ басқа да жиынтық кірісте танылған пайда немесе шығынға кез келген жинақтар, бөлінгендер пайда немесе шығынға жатады. Басқа жиынтық кірісте танылған кірістер немесе шығыстар ұсталған және есептен шығарылған бөлігі әділ құны бойынша үлестіріледі.

**Қаржы міндеттемелері**

Басқа да қаржы міндеттемелері. Басқа да қаржы міндеттемелері бастапқы есепте транзакциялық шығыны шегерімімен әділ құн бойынша көрсетіледі. Қаржы міндеттемелері әрі қрарай амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Қаржы міндеттемелерін тануды тоқтату. Қор қаржылық міндеттемелерді тануды олар өтелген, жойылған және олар бойынша талап мерзімі аяқталған жағдайда ғана тоқтатылады. Бар қаржылық міндеттемелер сол кредитор алдында басқа міндеттемелерге едәуір басқа талаптарда ауыстырылатын немесе бар міндеттемелер айтарлықтай өзгеретін болса, онда осындай айырбас немесе өзгеріс бастапқы міндеттемелерді есептен шығару және жаңа міндеттемелерді тану ретінде есептеледі. Танылуы тоқтатылатын қаржылық міндеттемелердің теңгерім құны арасындағы айырма және сыйақы төлеміне төленген немесе тиесілі сыйақы пайда немесе шығында танылады.

**Жалдау.** Меншік құқығынан туындайтын барлық тәуекелдер мен пайда жалдау шартының талаптары бойынша жалға алушыға өтеді, қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қор жалға алушы ретінде. Операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер шығыстарды бөлудің басқа тәсілі уақыт бойынша жалға алынған активтерден болған экономикалық пайданы бөлу дәлірек сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, жалдау мерзімі ішінде біркелкі шығыстарға жатады. Болашақ оқиғаларға шартталған операциялық жалдау шарттары бойынша жалдау төлемі пайда болуына қарай шығыстарға жатады.

**Ақша қаражаты және оның баламалары.** Ақша қаражаты және оның баламалары кассадағы ақша қаражатын, 93 күннен артық емес бастапқы өтеу мерзімі бар ҚРҰБ-дағы корреспонденттік және мерзімді шоттардағы бос қалдықтарды және қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалықтар салынбаған 93 күннен артық емес бастапқы өтеу мерзімі бар кредиттік ұйымдардағы қаражатты қамтиды.

**Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар .** Өндірісте пайдалануға арналған ғимараттар мен көлік құралдары басқарушылық мұқтаждық үшін өнімдер, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету құнсызданудан болған жиналған шығындар мен жинақталған амортизация салдарынан есептелген шегеріммен қайта бағалау сәтінде әділ құнын білдіретін қайта бағалау құны бойынша қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі. Қайта бағалау негізгі құралдардың теңгерім құны есепті күнгі олардың әділ құнынан айтарлықтай айырмашылығы болмайтындай тұрақты түрде жасалады.

Қайта бағалау нәтижесінде ғимарат және көлік құралдарының құнын кебейту басқа жиынтық кіріске кіреді және ол бұрын шығын ретінде көрсетілген сол активтердің алдыңғы төмендеген құнынан асқан шамасына қарай капиталда жинақталады. Алдыңғы төмендеу сомасы шегінде қайта бағалау қаржы нәтижесіне жатады. Қайта бағалау нәтижесінде жер мен ғимараттардың теңгерім құнын төмендету аталған активті алдыңғы қайта бағалау нәтижесінде жасалған қайта бағалау қорындағы қалдықтан оның асып кеткен сомасы қаржы нәтижесіне жатады.

Қайта бағаланатын ғимараттар мен көлік құралдарының амортизациясы бойынша шығыстар пайда немесе шығында көрсетіледі. Қайта бағаланатын Жылжымайтын мүлікті кейіннен сатқан немесе есептен шығарған кезде Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау қорының қалдығы тікелей бөлінбеген пайда шотының есебіне шығынға жазылады.

Меншік құқығындағы Қорға тиесілі жер амортизацияланбайды.

Жабдықтар және басқа да негізгі құралдар құнсызданудан жиналған шығындар мен жинақталған амортизация шегірімімен сатып алу құны бойынша керсетіледі.

Амортизация жою құны шегерімімен жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар дың нақты немесе бағалау құнын шығынға жазу үшін біркелкі пайдалы пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде есептеледі. Пайдалы пайдаланудың болжалды мерзімі, теңгерім құны мен амортизацияны есептеу тәсілі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер төменде көрсетілген жылдық мөлшерлемелер бойынша салыстыру көрсеткіштері қайта қаралмай, есептілікте көрсетіледі:

| | |
|---|---|
| ғимараттар мен құрылыстар | 2.5% |
| жиһаз және компьютерлік жабдықтар | 14.3-33.3% |
| басқа негізгі құралдар | 4.0-100.0% |
| материалдық емес активтер | 10%-100.0% |

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар нысаны сатылған немесе активті пайдалануды жалғастырғаннан болашақта экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда есептен шығарылады. Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар нысанын сатудан немесе басқа да шығарудан болған кіріс немесе шығын осы нысандардың сату бағасы мен теңгерім құны арасындағы айырма ретінде белгіленеді және пайда немесе шығында танылады.

**Материалдық емес активтер**

<u>Жекелей сатып алынған материалдық емес активтер.</u> Жеке мәмілелер аясында сатып алынған түпкілікті пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер жинақталған амортизация және құнсызданудан жиналған шығын шегерімімен сатып алу құны бойынша есептеледі. Амортизация материалдық емес активтерді пайдалы пайдалану мерзімі ішінде біркелкі есептеледі. Пайдалы пайдаланудың болжалды мерзімі және амортизацияны есептеу әдісі есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер есептілікте салыстыру көрсеткіштерін қайта қараусыз көрсетеді. Жеке мәмілелер аясында сатып алынған пайдалану мерзімі белгісіз материалдық емес активтер құнсызданудан жиналған шығын шегерімімен нақты сатып алу шығыны бойынша есепке алынады.

<u>Өз күшімен құралған материалдық емес активтер.</u> Өз күшімен құралған материалдық емес активтер – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар («ҒЗТКЖ»). Ғылыми-зерттеу жұмыстарына шығындар олар пайда болған кезеңдегі шығыстарға жатқызылады.

Өз күшімен жүргізілетін тәжірибелік-конструкторлық шығындар төмендегі талаптар қатар сақталған кезде ғана материалдық емес активтер ретінде капиталға айналады:

- пайдалануға немесе сатуға жарамды материалдық емес активті жасау бойынша жұмыстардың технологиялық өткізімділігін аяқтау;
- материалдық емес активті жасау, пайдалану немесе сату жұмыстарын аяқтау ниеті;
- материалдық емес активті пайдалану немесе сату мүмкіндігі;
- материалдық емес активтерден түскен болашақ экономикалық пайда түсімдерінің жоғары ықтималдылығы;
- материалдық емес активті әзірлеуге, пайдалануға немесе сатылуға арналған техникалық, қаржылық және өзге де ресурстардың болуы; және
- тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу нәтижесінде пайда болған материалдық емес активтер құнын сенімді бағалау мүмкіндігі.

Өз күшімен құралған материалдық емес активтер материалдық емес актив жоғарыда көрсетілген белгілерге бірінші рет сәйкес келе бастаған күннен кейін жүзеге асырылған шығын сомасы есебіне қабылданады. Өз күшімен құралған материалдық емес активтерді көрсету мүмкін болмаған кезде әзірлеуге жұмсалған шығындар пайда болған кезеңдегі шығыстарға жатады.

Өз күшімен құралған материалдық емес активтер есепке алынғаннан кейін жеке мәмілелер аясында сатып алынған материалдық емес активтерге ұқсас жиналған амортизация және құнсызданудан жиналған шығын шегерімімен нақты өзіндік құны бойынша есептеледі.

Материалдық емес активтерді шығынға жазу. Материалдық емес актив сатылған немесе оны пайдаланудан немесе есептен шығарғаннан болашақта экономикалық пайда түсімі күтілмеген кезде шығынға жазылады. Есептен шығарудан және теңгерім құнынан түскен таза түсім арасындағы айырманы білдіретін материалдық емес активтерді шығынға жазғаннан пайда болған кіріс немесе шығын шығынға жазған сәтте пайда немесе шығынға кіреді.

Гудвиллден басқа материалдық және материалдық емес активтердің құнсыздануы. Қор әрбір есепті күнге материалдық және материалдық емес активтердің теңгерім құнының құнсыздану индикаторының болуын тексереді. Кез келген осындай индикатор анықталған жағдайда құнсызданудан болған шығын көлемін анықтау мақсатында тиісті активтің өтелетін құны есептеледі (егер мұндай болса). Жеке активтің өтелетін құнын бағалау мүмкін болмаған жағдайларда Қор осындай активке жатқызылған өндіруші бірліктің өтелетін құнын бағалайды. Қордың корпоративтік активтерінің құны жеке өндіруші бірліктерге немесе олар үшін орынды және жүйелі бөлу әдісі табылуы мүмкін өндіруші бірліктердің ең аз тобына бөлінеді.

**Инвестициялық мүлік.**

Инвестициялық мүлік жал төлемін алу, капиталды үстеу үшін пайдаланылатын нысандарды (оның ішінде құрылыс сатысында тұрған осындай нысандар) білдіреді. Инвестициялық мүлік нысандары бастапқыда сатып алуға кеткен шығындарды қоса алғанда, сатып алу құны бойынша есептеледі. Нәтижесінде олар әділ құны бойынша көрсетіледі. Инвестициялық мүліктің әділ құнының өзгерісі олар пайда болған кезең ішіндегі пайдаға немесе шығынға қосылады.

Инвестициялық мүлік нысаны есептен шығарылған немесе пайдаланудан түпкілікті шығарған кезде, оларға байланысты экономикалық пайда алу топшыланбағанда баланстан шығынға жазылады. Нысанды есептен шығарудан болған кез келген кіріс немесе шығын (активті есептен шығарудан және теңгерім құнынан түскен таза түсімдер арасындағы айырма) шығынға жазу кезеңі ішінде пайдаға немесе шығынға қосылады.

**Салық салу.** *Пайда салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомасын білдіреді.*

Ағымдағы пайда салығы. Ағымдағы пайда салығы бір жылға салық салынатын шамаға қарай анықталады. Салық салынғанға дейінгі пайда пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген пайдадан салық салынатын немесе өзге де есепті кезеңде салық салу мақсатындағы шегерімге жатқызылған кірістер немесе шығыстар бабынан ерекшеленеді. Ағымдағы пайда салығы бойынша міндеттемелер заңнамамен есепті кезеңнің соңына дейін енгізілген салық салу мөлшерлемесі пайдаланып есептеледі.

Кейінге қалдырылған пайда салығы. Кейінге қалдырылған пайда салығы қаржы есептілігінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің теңгерім құны арасындағы уақытша айырмаға қатысты және пайдаға салынатын салықты есептеу кезінде қолданылатын салық есебінің тиісті деректерімен танылады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер әдетте барлық салық салынатын уақытша айырма есебімен көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер осы уақытша айырманы пайдалану үшін болашақта салық салынатын теңгерімдік пайда болатын жоғары ықималдылық шартымен барлық шегерілген уақытша айырма есебімен көрсетіледі. Салықтық активтер мен міндеттемелер уақытша айырмашылық салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да ықпал етпейтін мәмілелер аясында бастапқы активтер мен міндеттемелерді тану салдарынан туындаса, қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Бұдан басқа, уақытша айырмашылық гудвилді бастапқы тану нәтижесінде пайда болған жағдайда, кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің теңгерім құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және болашақта бұл активтерді толық немесе ішінара пайдалану үшін салық салынатын пайда жеткілікті болу мүмкіндігі одан әрі жоғары болмаса, азаяды.

Пайда салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер заңнамада есепті күнге бекітілген немесе нақты бекітілген салынатын салық мөлшерлемелері (сондай-ақ салық заңнамасының ережелері) қолданылып есептеледі және салықтық активті іске асыру немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады.

Қордың активтер мен міндеттемелердің теңгерім құны өтемін алу немесе өтеу тәсілдеріне қатысты ниетінің салықтық салдары кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мен активтерде көрсетіледі.

Бір жылға ағымдағы және кейінге қалдырылған пайда салығы. Пайдаға салынатын ағымдағы салық және кейінге қалдырылған салық тікелей басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында көрсетілген баптарға жатқызылған жағдайлардан басқа, пайдада немесе шығында танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар басқа да жиынтық кірісте немесе тиісінше тікелей капиталда танылады.

**Операциялық салықтар.** Қор өз қызметін жүргізетін Қазақстан Республикасында пайда салығынан басқа Қор қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі салықтарды есептейтін және төлейтін шарттары бар. Бұл салықтар басқа операциялық шығыстар құрамында пайда мен шығын және басқа жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

**Алдағы шығыстар резерві.** Алдағы шығыстар резерві Қордың өткен оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттемелері болса және Қордың аталған міндеттемелерді өтейтін мүмкіндігі болса, ал осындай міндеттемелердің көлемі бағаланған болса, есепте көрсетіледі.

Есепте көрсетілген алдағы шығыстар резерві тәуекелдер мен осы міндеттемелерге тән белгісіздік есебімен есепті кезең соңында айқындалған міндеттемелерді өтеу үшін қажет соманы бағалауды білдіреді. Егер алдағы шығыстар резерві шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағыны негізінде есептелсе, онда алдағы шығыстар резерві осындай ақша ағынының (егер уақытша ақша құнының ықпалы едәуір болса) дисконтталған құны ретінде белгіленеді.

Егер міндеттемелерді өтеуге қажет төлемдерді үшінші тарап ішінара немесе толық өтейді деп күтілсе, өтемді алатынына толық сенімді болған және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалауға мүмкіндік болған кезде тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

**Шетел валютасы.** Қордың қаржылық есептілігін даярлау кезінде функционалдық валютадан («шетел валюталары») ерекшеленетін валютамен жасалған операциялар операция жүргізілген күнгі айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында берілген ақша баптары есептілік жасалған күнге тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында берілген әділ құны бойынша есепке алынған ақша емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданылған айырбастау бағамы бойынша қайта есептелуі тиіс. Шетел валютасында берілген тарихи құн бойынша көрсетілген ақша емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындаған ақша баптары бойынша бағамдық айырма олар туындаған кезеңдегі пайда мен шығында көрсетіледі.

Қордың қаржылық есептілікті жасаған кездегі қолданған жыл соңындағы айырбастау бағамдары төменде көрсетіледі:

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| теңге/1 АҚШ долл. | 333.29 | 340.01 |
| теңге/1 еуро | 352.42 | 371.46 |
| теңге/1 рубль | 5.43 | 4.61 |

**Меншікті капитал резервтері.** Қордың қаржылық жағдайы туралы есебінде меншікті капитал құрамында көрсетілген резервтер:

- AFS санатындағы қаржыактивтерінің әділ құнының өзгеруіне қатысты сату үшін қолда бар активтерді қайта бағалау резервін;
- Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервін қамтиды.

## 3. Бағалау барысындағы елеулі жорамалдар және белгісіздік көздері

Қордың есептік саясатын қолдану барысында басшылық активтер мен міндеттемелердің теңгерім құнына қатысты басқа дереккөздерде жасалмаған болжамдар, бағалар мен жорамалдар жасауы тиіс. Бағалау мәндері мен олардың негізінде жатқан жарияланымдар өткен тәжірибелерден және нақты жағдайларда орынды деп саналатын басқа да факторлардан қалыптасады. Нақты нәтижелер бағалау деректерінен ерекшеленуі мүмкін.

Бағалау және олармен байланысты жорамалдар жүйелі түрде қайта қаралады. Егер тек осы кезеңге ықпал етсе, не бағалау қайта қаралған кезеңге, және өзгеріс ағымдағы, сондай-ақ болашақ кезеңдерге әсер ететін, болашақ кезеңдерге әсер еткен болса, бағалаудағы өзгерістер қайта қаралған кезеңде көрсетіледі.

**Бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздері.** Төменде болашаққа қатысты негізгі жорамалдар және келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің теңгерім құнына елеулі түзетулер әкелуі мүмкін есепті кезеңнің соңына бағалаудағы басқа да белгісіздіктің көздері келтірілген.

**Қаржы құралдарын бағалау.** 24-ескертпеде сипатталғандай, қаржылық құралдардың белгілі бір түрлерінің әділ құнын бағалау үшін Қор 24-ескертпеде байқалатын нарықтық деректерге негізделмеген бастапқы деректерді есепке алатын бағалау әдісін пайдаланады.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар дың пайдалы қолдану мерзімдері. Жоғарыда көрсетілгендей, жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар ды пайдалы қолданудың күтілетін мерзімдері әрбір есепті жылдың соңында қайта қарастырылады.

**Кейінге қалдырылған салық активтерін өтеу мүмкіндігі.** Қор басшылығы есепті күндегі кейінге қалдырылған салық активтеріне қатысты резерв құру қажеттілігінің жоқ екеніне сенімді, себебі кейінге қалдырылған салық активтері толығымен іске асырылатын болады. 2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны тиісінше 4,255,512 мың теңге және 3,362,396 мың теңге болды.

**Қаржылық активтердің құнсыздануы.** Қор қолда бар қаржылық активтердің құнсыздануын тұрақты түрде бағалап отырады. Қордың құнсыздану резервтері оның қаржылық активтерінің құнсыздануынан тартқан шығынды тану үшін құрылады. Қор қаржылық активтердің құнсыздану резервіне байланысты есептік бағалауларды кезеңнен кезеңге өзгеруге өте бейім болуына байланысты бағалаудағы белгісіздіктің негізгі кезі деп санайды, себебі (а) шығынның келешек нормалары туралы болжам және құнсызданған қаржылық активтер бойынша әлеуетті шығындарды бағалау ағымдағы күндегі нақты көрсеткіштерге негізделген және (б) шығын мәні мен Қор тартқан нақты шығын арасында елеулі айырма болған кезде кейінгі кезеңдерже Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер ете алатын резервтер құру керек.

Қаржылық активтер құнсыздануының резервтері қаржылық есептілікте қалыптасқан экономикалық және саяси жағдайлар негізінде анықталады. Қор Қазақстан республикасында қандай өзгерістер болуы мүмкін екеніне және бұл өзгерістердің келешек кезеңдерде қаржылық активтердің құнсыздану резервтерінің дұрыстығына қалай әсер ететінін болжай алмайды.

## 4. Қаржылық есептілік көрсеткіштеріне әсер ететін ХҚЕС түзетулері

**Қаржылық есептілікке әсер ететін стандарттар**

Төменде аталған жаңа және қайта қаралған стандарттар мен интерпретациялар ағымдағы кезеңде алғаш рет қолданылды және осы қаржылық есептілікте берілген қаржылық көрсеткіштерге әсер етті.

- ХҚЕС (IAS) 1 «Ақпарат ашу саласындағы бастама» түзетулері;
- ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Амортизацияның бірқатар әдістерін қолдануға болатынына түсіндірме» түзетулері;
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіруі, 2012-2014 жылдар кезеңі

**ХҚЕС (IAS) 1 «Ақпарат ашу саласындағы бастама» түзетулері.** Қор бұл түзетулерді ағымдағы жылы алғаш рет қолданып отыр. Түзетулер ұйымның қандай да бір ХҚЕС талап ететін белгілі бір ақпаратты елеулі болмаса ашуға міндетті емес екенін түсіндіреді, сондай-ақ ашу мақсаты үшін ақпаратты біріктіру және бөлу бойынша басшылықты қамтиды. Бұл ретте, түзетулер ХҚЕС талаптарының барлығын орындау қаржылық есептілік пайдаланушыларына белгілі бір операциялардың, оқиғалардың және жағдайлардың ұйым қызметінің қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайына әсерін түсіну мүмкіндігін бермейтін жағдайда ұйымның қосымша ақпарат ашу қажеттілігін қарастыруы тиіс екенін түсіндіреді.

Оның үстіне, түзетулер үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ассоцияланған ұйымдардың және бірлескен кәсіпорындардың басқа жиынтық табысындағы ұйым үлесінің Компанияның басқа жиынтық табысынан бөлек басқа ХҚЕС-ке (i) сәйкес кейін пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелмейтін баптардағы үлесі жеке көрсетіліп берілуі тиіс екенін; және (ii) олардың кейін белгілі бір талаптарды орындаған кезде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелетінін түсіндіреді.

Қаржылық есептілік құрылымына қатысты түзетулер реттелген ұсынулар немесе ескертпелерді топтау мысалдарын қамтиды.

Бұл түзетулерді қолдану Қор қызметінің нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына әсер еткен жоқ.

***ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Амортизацияның бірқатар әдістерін қолдануға болатынына түсіндірме» түзетулері.*** Қор бұл түзетулерді ағымдағы жылы алғаш рет қолданып отыр. ХҚЕС (IAS) 16 түзетулері кәсіпорындарға түсімге пропорционал жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар ды амортизациялауға тыйым салады. ХҚЕС (IAS) 38 түзетулері енгізілген соң түсім материалдық емес актив амортизациясы үшін тиісінше негіздеме болмайды деген теріске шығарылатын жорамалды енгізеді. Бұл жорамал мынадай екі аталған жағдайда ғана теріске шығарылуы мүмкін:

1. егер материалдық емес актив түсім бағасы ретінде көрсетілсе; немесе
2. егер түсім мен материалдық емес актив жасайтын экономикалық пайданы пайдалану арасындағы тығыз байланысты көрсетуге болатын болса.

Қазір Қор жылжымайтын мүлік, үйлер, жабдықтар мен материалдық емес активтер амортизациясының желілік әдісін пайдаланып отыр, сондықтан да бұл түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

***ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіруі, 2012-2014 жылдар кезеңі.*** Қор бұл түзетулерді ағымдағы жылы алғаш рет қолданып отыр. «ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіруі, 2012-2014 жылдар кезеңі» төменде баяндалған түрлі ХҚЕС-тің бірқатар түзетулерін қамтиды.

ХҚЕС (IFRS) 5 түзетулері компания активті (немесе шығатын топты) сатуға арналған санатынан меншік иелеріне бөлуге (немесе керісінше) арналған санатына қайта жіктейтін жағдай үшін арнайы басшылықты қамтиды. Түзетулер мұндай өзгерістің бастапқы шығару жоспарының жалғасы ретінде және осыған орай сату жоспарындағы өзгерістерге қатысты ХҚЕС (IFRS) 5 талаптары ретінде қарастырылуы тиіс екенін түсіндіреді. Түзетулер меншік иелеріне бөлуге арналған ретінде активтерді (немесе шығатын топты) есепке алуды тоқтатуға қатысты талаптарды түсіндіреді.

ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері қызмет көрсетуге шарттардың берілген активтерге қатысты ақпарат ашу мақсаттары үшін берілген активте қатысуымен жалғасып жатқан болып табылатынын не табылмайтынын анықтауға арналған қосымша басшылықты қамтиды.

- ХҚЕС (IAS) 19 түзетулері еңбек қызметі аяқталған соң сыйақы бағдарламасы бойынша міндеттемелерді дисконттауға пайдаланылатын мөлшерлеменің есепті кезең соңындағы жағдай бойынша жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың нарықтық кірістілігі негізінде анықталатынын түсіндіреді. Жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығын бағалау бөлек валюта (яғни сыйақы төленетін валюта) деңгейінде жасалуы тиіс. Жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың жеткілікті дамыған нарығы жоқ валюталар бойынша сол валютадағы мемлекеттік облигациялар бойынша есепті кезең соңындағы жағдай бойынша нарықтық кірістілік керсеткіштері пайдаланылуы тиіс.
- Бұл түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС**

- Қор төмендегідей шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:
- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» [2];
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттар бойынша түсім» (жәнеХҚЕС (IFRS) 15 түзетулері) [2]
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» [3];
- ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпарат ашу саласындағы бастама» түзетулері [1];
- ХҚЕС (IAS) 12 «Іске асырылмаған шығынға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» түзетулері[1];
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетелдік валютадағы операциялар және өтемнің алдын ала төлемі»[2];
- ХҚЕС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандарын ауыстыру»[2];
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіруі, 2012-2014 жылдар кезеңі.

[1] Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.
[2] Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.
[3] Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

***ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар».*** *2009 жылдың қараша айында шығарылған* ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық активтерді (ҚА) жіктеу мен бағалауға қойылатын жаңа талаптар енгізді. 2010 жылдың қазан айында стандартқа қаржылық міндеттемелерді (ҚМ) жіктеу мен бағалауға және оларды тануды тоқтатуға қойылатын жаңа талаптар енгізген түзетулер енгізілді. 2013 жылдың қараша айында стандарт хеджирлеуді есепке алу бойынша жаңа талаптармен толықтырылды. Стандарттың жаңартылған нұсқасы 2014 жылдың шілде айында шығарылды. Негізгі өзгерістер а) қаржылық активтердің құнсыздануына қойылатын талаптарға; б) қарапайым борыштық құралдардың белгілі бір типіне арналған «басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын» (БЖТАӘҚБ) қаржылық активтердің жаңа санатын қосуды білдіретін жіктеу мен бағалауға қатысты түзетулерге байланысты болды.

ХҚЕС (IFRS) 9 негізгі талаптары:

- **Қаржылық активтерді жіктеу және бағалау.** ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылатын саладағы танылған барлық ҚА бастапқы танудан кейін не амортизациялық құн бойынша, не әділ құн бойынша бағалануы тиіс. Атап айтқанда, шартта көзделген негізгі сома мен ол бойынша пайыздар ғана қосылатын ақша ағындарын алуға бағытталған бизнес-үлгілер аясында ұсталатын борыштық құралдар, әдетте, амортизациялық құн бойынша бағаланады. Мақсатына шартта кезделген ақша ағындарын алумен де, қаржылық активтерін сатумен де қол жеткізілетін бизнес-үлгілер аясында ұсталатын, сондай-ақ негізгі борыш сомасын және негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды өтеу ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды білдіретін шарттық талаптары бар борыштық құралдар, әдетте, БЖТАӘҚБ бойынша бағаланады. Барлық басқа борыштық және үлестік құралдар әділ құн бойынша бағаланады. Оның үстіне, ұйым ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес күшін жою құқығынсыз шешім қабылдап, үлестік құралдар (саудаға арналмаған және ХҚЕС (IFRS) 3-ке сәйкес бизнесті біріктіру бойынша мәміле аясында сатып алушы таныған шартты өтем емес) құнының одан кейінгі өзгерістерін басқа жиынтық табыс құрамында дивидендтерден түскен табысты ғана пайда немесе шығында тани отырып бере алады.
- **Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау.** Өзіндік кредит тәуекелдерінің өзгеруіне байланысты пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар деп жіктелген қаржылық міндеттемелердің әділ құнының өзгеруі мұндай тану пайда немесе шығында есепке алу дисбалансын тудырмайтын немесе ұлғайтпайтын болса, басқа жиынтық табыста танылуы тиіс. Қаржылық міндеттемелердің өзіндік кредит тәуекелінің өзгеруіне байланысты әділ құнның өзгеруі кейіннен пайда және шығын туралы есепте қайта жіктелмейді. ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар деп жіктелген қаржылық міндеттемелердің әділ құнының өзгеруі тұтастай пайда және шығын туралы есепте танылатын.

- **Құнсыздану.** Қаржылық активтер құнсыздануын анықтаған кезде ХҚЕС (IFRS 9) күтілетін кредит шығындарының үлгісін ХҚЕС (IAS) 39-да көзделген жұмсалған шығын үлгісінің орнына қолдануды талап етеді. Күтілетін кредит шығындары үлгісі өзгерістерді қаржылық активтер танылған күннен бастап кредит тәуекелі деңгейінде көрсету үшін болжалды кредит шығындарын және олардың әрбір есепті күндегі өзгерістерін есепке алуды талап етеді. Басқаша айтқанда, енді құнсыздануды тану үшін жоғары кредит тәуекелін растайтын оқиғаларды күтудің қажеті жоқ.
- **Хеджирлеуді есепке алу.** Хеджирлеуді есепке алудың жаңа қағидасы ХҚЕС (IAS 39) белгілеген хеджирлеу қатынастарының үш типін сақтап қалады. ХҚЕС (IFRS 9) түрлі транзакцияларға хеджирлеуді есепке алуды қолдану мүмкіндігі бөлігінде анағұрлым жұмсақ қағидаларды қамтиды, хеджирлеу құралдары болып танылуы мүмкін қаржылық құралдар тізімі, сондай-ақ хеджирлеуді есепке алуды қолдануға болатын қаржылық емес баптар тәуекелдерінің бөлшектері типтерінің тізімі кеңейтілді. Оның үстіне, тиімділік тестінің тұжырымдамасы экономикалық қарым-қатынастың болу ұстанымына ауыстырылды. Хеджирлеуді есепке алу тиімділігін ретроспективтік бағалаудың енді керегі жоқ. Тәуекелдерді басқару туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар елеулі түрде кеңейтілді.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы Қордың қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерін талдау, сондай-ақ осы күндегі жағдай бойынша деректер мен жәйттердің негізінде Қор басшылығы Қор есептілігіне ХҚЕС (IFRS) 9 әсерінің мынадай алдын ала бағалауын жасады:

*<u>Жіктеу және бағалау</u>*

- Сату үшін қолда бар қаржылық активтер ретінде жіктелген корпоративтік облигациялар 12-ескертпеде ашылғандай әділ құн бойынша бағаланады: мұндай құралдар мақсатына шартта көзделген ақша ағындарымен де, ашық нарықта облигациялар сатумен де қол жеткізілетін бизнес-үлгілер аясында ұсталады, бұл ретте шарттық талаптар тек негізгі борыш сомасын және негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды өтеу болып табылатын белгілі бір күндерде ақша ағындарын алуды көздейді. Осыған орай корпоративтік облигациялар ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес БЖТАӘҚБ ретінде бастапқы танудан соң ескерілетін болады, бұл ретте инвестицияларды қайта бағалау резервінде жиналған пайда немесе шығын облигацияларды тану тоқтатылған немесе қайта жіктелген кезде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелетін болады;
- 12-ескертпеде ашылғандай сату үшін қолда бар қаржылық активтер ретінде жіктелген саудаға салынбайтын акциялар: Ұйымның қалауына орай ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес БЖТАӘҚБ құралдары ретінде жіктеуге болады; алайда есепке алудың ағымдағы үлгісіне қарағанда инвестицияларды қайта бағалау резервінде жиналған әділ құнның өзгеруінен пайда немесе шығын кейіннен пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелмейді. Бұл Қордың пайда немесе шығыны және басқа жиынтық табысы құрамында көрсетілетін сомаға әсер етеді, бірақ жиынтық табысқа әсер етпейді;
- Барлық басқа қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес, сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес көрсетілетін болады.

*<u>Құнсыздану</u>*

ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану бойынша талаптары амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерге, ХҚЕС (IFRS) 9-ға (12-ескертпе) сәйкес БЖТАӘҚБ ретінде есепке алынатын корпоративтік облигацияларға қатысты қолданылатын болады.

Қор басқа қаржылық активтерге қатысты бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредит шығындарын тануды білдіретін жеңілдетілген әдісті қолдануды жоспарлап отыр. Қазір басшылық бұл факторлардың мүмкін әсерін бағалауда.

Басшылық ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес күтілетін кредит шығындары үлгісін қолдану кредит шығындарын ертерек тануға апарады деп күтеді және қазір құнсызданудың жаңа үлгісінің Қордың қаржылық есептілігіне мүмкін әсерін бағалауда.

Жоғарыда келтірілген әсерді бағалау 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерін осы күндегі деректер мен жәйттер негізінде талдау негізінде жасалды. Қордың стандартты мерзімінен бұрын қолдануды жоспарлап отырмағанын ескергенде, деректер мен жәйттер 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін өзгеріп кетуі мүмкін болғандықтан, мүмкін әсерді бағалау да қайта қаралуы мүмкін.

***ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттар бойынша түсім».*** ХҚЕС (IFRS) 15 клиенттермен шарттар бойынша түсімді есепке алудың ортақ кешендік үлгісін белгілейді. ХҚЕС (IFRS) 15 қазір қолданылып жүрген түсімді тану бойынша ХҚЕС (IAS) 18 «Түсім», ХҚЕС (IAS) 11 «Құрылысқа шарттар» қосылатын стандарттардың және тиісті интерпретациялардың барлығын алмастырады.

**15-ХҚЕС (IFRS) негізгі қағидаты ұйымның клиенттерге уәде берілген тауарлар беру мен қызметтерді көрсету сәтінде немесе беруіне қарай Кәсіпорын күткендей сыйақыға сәйкесетін сомада тануға тиіс болатынын білдіреді. Атап айтқанда стандарт клиенттермен жасалатын барлық шарттарға бес кезеңнен тұратын бірыңғай модельді қолдануды ұсынады. тауарлар мен қызметтерге айырбастауға құқығы болатын.**

Модельдердің бес кезеңі мыналарды қамтиды:

- Шартты клиентпен сәйкестендіру;
- Шарт бойынша орындаушы міндеттерін сәйкестендіру;
- Мәміле бағасын белгілеу;
- Мәміле бағасын орындаушының міндеттемелеріне бөлу;
- Орындаушы өз міндеттемелерін орындаған сәтте немесе орындауына қарай түскен түсімді тану.

15-ХҚЕС (IFRS) сәйкес, ұйым орындаушы міндеттемелерінің қашан немесе қалай орындалуына қарай яғни орындаушының міндеттемелерін құрайтын тауарларды немесе қызметтерді бақылау клиентке ауысқан кезде түсімді таниды. Бұдан басқа ақпаратты ашу жөнінде жаңа талаптар енгізіледі. Стандартқа мәмілелердің түрлі типтерін есепке алуға қатысты анағұрлым айқын талаптар енгізілген. Бұдан бөлек, ХҚЕС (IFRS) 15 үлкен көлемді ақпараттың берілуін талап етеді.

Басшылық стандартты мерзімінен бұрын қолдануды мақсат етпейді және стандартты қолдана бастаған кезде ауысудың ретроспективті әдісін толықтай пайдалануды жоспарлауда.

***ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау».*** *ХҚЕС (IFRS) 16* жалға берушінің де жалға алушының да тарапынан жалдау және есепке алу мәмілесін айқындаудың бірыңғай үлгісін енгізеді. Күшіне енген соң жаңа стандартты ХҚЕС (IAS) 17 «Жалдау» және соған байланысты барлық байланысты түсініктер ауыстырады.

*ХҚЕС (IFRS) 16* сатып алушының сәйкестендірілген активті бақылауы негізінде жалдау шарттары мен қызмет көрсету шарттарын ажыратады. Жалға алушы үшін операциялық жалдау (теңгерімнен тыс есепке алу) мен қаржылық жалдау (теңгерімге есепке алу) арасында енді бөлу жоқ, оның орнына жалға алушының есебінде пайдалану құқығындағы актив пен барлық жалға алу шарттарына (барлық шарттар бойынша теңгерімге есепке алу) қатысты сәйкес міндеттемелер танылуы керек, бұған қысқа мерзімге жалға алу мен құны төмен активтерді жалға алу кірмейді.

Пайдалану құқығы нысанындағы актив алғашында бастапқы құны бойынша танылады және алғашқы танудан кейін жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзету енгізе отырып, құнсызданудан болған жинақталған амортизацияны және жинақталған залалдарды шегеріп, бастапқы құны бойынша (кейбір ерекшеліктер есебімен) есепке алынады. Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда қалған жал төлеміне келтірілген құн бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін жалдау бойынша міндеттеме міндеттемелер бойынша пайыздар мен жал төлемдеріне, сондай-ақ, басқалармен бірге, жалдау шартының түрлену әсеріне түзетіледі. Бұдан бөлек, ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары ретінде, ал ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жалдау төлемдері тиісінше қаржылық және операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары ретінде ұсынылатын міндеттемелер мен пайыздардың негізгі сомасын өтеуге сараланатын болғандықтан, ақша ағындарын саралау да өзгереді.

ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес, жалға алушы тарапынан есепке алу жалға беруші тарапынан жасалатын есепке алудан ХҚЕС (IAS) 17 салыстырғанда іс жүзінде еш өзгеріссіз қалдырылды және жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдау деп бөлуді талап етеді.

Басқалармен қатар, ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес ақпаратты ашу талаптары айтарлықтай ұлғая түсті.

Қор басшылығы осы түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

***ХҚЕС (IAS) 17 енгізілген «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» түзетулері.*** *Түзетулер қаржылық есептілікті пайдаланушыларға қаржылық қызмет нәтижесінде міндеттемелердің өзгеруін бағалауға көмектесетін ақпаратты ашуды талап етеді.*

Түзетулер келешекте, 2017 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі.

Қор басшылығы осы түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

***ХҚЕС (IAS) 12 енгізілген «Іске асырылмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» түзетулері.*** Түзетулер төмендегідей түсініктемелерден тұрады:

- Бекітілген пайыздық мөлшерлемесі бар әділ құн бойынша бағаланған, оған қатысты өзіндік құнына қарай салықтық база айқындалатын борыштық құралдар бойынша теңгерім құнының өз құнынан да төмендеп кетуі, құрал иегерінің теңгерім құнын сату немесе пайдалану жолымен немесе құрал эмитентінен шартта көзделген ақша ағындарының барлығын алу мүмкіндігінің болуы арқылы теңгерім құнының өтелуіне үмітті болуына қарамастан ұстап қалынатын уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеп соғады;
- Ұйым оған қарсы ұстап қалынатын уақытша айырмашылықты есептеуі мүмкін салық салынатын пайданың болуын бағалаған, мұның өзінде, оған қарсы шегерімдер жасауға болатын салық заңнамасы салық салынатын пайда көздеріне шектеу жасайтын (мәселен, капитал шығындары тек капитал пайдасына қарсы есептеледі) кезде ұйым ұстап қалынатын уақытша айырмашылықты басқа типтегі ұстап қалынатын уақытша айырмашылықтардан бөлек, осы типтегі ұстап қалынатын басқа уақытша айырмашылықтармен қоса бағалайды;
- Болашақта түсуі мүмкін салық салынатын пайданы бағалау оларды ұйымның алуы мүмкін екендігіне айғақтардың жеткілікті болған кезінде олардың теңгерімдік құнынан асып түсетін сомадағы кейбір ұйым активтерінің өтелуін көздеуі мүмкін;
- Алдағы уақыт кезеңдерінде жеткілікті көлемде салық салынатын пайда алу келешегін бағалау кезінде ұйым ұстап қалынатын уақытша айырмашылықтарды осы ұстап қалынатын уақытша айырмашылықтарды қалпына келтірумен шартталған салық шегерімдері жоқ болашақтағы салық салынатын пайдамен салыстырады.

Түзетулер келешекте, 2017 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі.

Қор басшылығы осы түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

***ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасында операциялар және алдын ала өтеу ақысы».***

ХҚЕТК-нің түсіндіруі бойынша, ұйым алдын ала өтеу ақысын шетел валютасында төлеген немесе алған жағдайда, оған қатысты активті, шығысты немесе табысты бастапқы тану кезінде пайдалану қажет айырбастау бағамын анықтау үшін операция күні өтеуді алдын ала төлеген күн (яғни алдын ала төлемді немесе алдын ала төленген табысқа қатысты міндеттемелерді бастапқы тану күні) деп түсіндіреді. Бірнеше төлем жүргізілген немесе алдын ала төлем түскен жағдайда ұйым әрбір төлем немесе алдын ала төлемнің түсіміне операция күнін анықтау қажет. ХҚЕТК 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдерге немесе осы күннен кейін қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат берілген. Ұйымдар ХҚЕТК-ні ретроспективті немесе перспективті түрде қолдана алады.

Басшылық осы ХҚЕТК-ні қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді, себебі ол *ХҚЕТК (IFRIC) 22 талаптарына ұқсас есепті пайдаланады.*

***ХҚЕС (IAS) 40 енгізілген «Инвестициялық жылжымайтын мүлікті аудару» түзетулері.*** Түзетулер ұйымның нысанды инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына немесе санатынан тек оны пайдалану сипатында болған өзгерістерге куәліктер болған кезде ғана ауыстыра алатындығын айқындайды. Түзетулер нысанды осылайша аударуды жүзеге асыру үшін басшылықтың ниетінің өзгеруі жеткіліксіз екендігін баса ескертеді. Стандартта кейбіреулер толық тізім деп қабылдаған пайдалану сипатының өзгеруіне берілетін куәліктер тізбесі бар, түзетулер бұл тізбеде тек осы тәрізді куәліктердің үлгілері ғана бар екенін айқындап берді. Түзетулер 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдерге немесе осы күннен кейін қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат берілген. Ұйымдар түзетулерді ретроспективті (тек егер бұл кейінірек туындаған ақпарат негізінде өткен оқиғаларды бағалаусыз мүмкін болса) немесе перспективті түрде қолдана алады.

Басшылық бұл түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

**ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру, 2014-2016 жылдардағы кезең.**

***Жыл сайынғы жетілдірудің осы шығарылымы төмендегі үш стандартқа өзгерістер енгізді.***

ХҚЕС (IFRS) 1 енгізілген түзетулер арқылы осы босатуларды қолдануға болатын есептік кезеңдердің өтуіне және босатуларды қолданудың қажетсіздігіне байланысты, қаржылық құралдар туралы ақпаратты ашумен, қызметкерлерге сыйақы берумен және инвестициялық ұйымдармен байланысты қысқамерзімді босатулар жойылды. Түзетулер 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдерге немесе осы күннен кейін қолданылады.

Басшылық бұл түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

## 5. Комиссиялық кіріс

| | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл, | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|
| Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен түскен комиссиялық кіріс | 42,474,846 | 44,809,488 |
| Схеманың зейнетақы активтері бойынша комиссиялық кіріс | 16,088,937 | 14,046,830 |
| **Комиссиялық кіріс жиынтығы** | **58,563,783** | **58,856,318** |

2016 жылы Қор Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен 5.25% (2015 жылы: жылдық 7.5%) мөлшерінде комиссиялық кіріс алды. Есеп ай сайын жүргізіледі және есептеу үшін Схеманың зейнетақы активтерінен түсетін, бір айға есептелген инвестициялық кіріс қолданылады.

2016 жылы Қор Схеманың зейнетақы активтері сомасынан айына 0.0225% мөлшерінде (2015 жылы: айына 0.025%) комиссиялық кіріс алды. Есеп ай сайын жүргізіледі және есептеу үшін комиссиялық кіріс есебі мен есептеу жүргізілетін айдың алдындағы айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Схеманың зейнетақы активтерінің құны қолданылады. Есепте Бағалау қағидасына сәйкес есептелген, Схеманың зейнетақы активтерінен түскен инвестициялық кіріс есебін қоспағандағы зейнетақы активтерінің құны қолданылады.

Схеманың зейнетақы активтері сомасынан және Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстан түскен комиссиялық кірістің 2016 жылға пайыздық мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 қазандағы №189 қаулысына сәйкес тағайындалған болатын.

## 6. Комиссиялық шығыс

| | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл, | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|
| ҚРҰБ-ның зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару қызметтері | 3,610,367 | 19,313,399 |
| Кастодиан операциялар | 2,227,716 | 1,356,560 |
| Банк қызметтері | 608,455 | 448,472 |
| Басқалар | 90,012 | 46,138 |
| **Комиссиялық шығыс жиынтығы** | **6,536,550** | **21,164,569** |

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2013 жылғы 26 тамыздағы №362ҰБ шарттың 1-қосымшасына сәйкес, 2016 жылы Қор ҚРҰБ-ға қаржы құралдары портфелінің тобына қарай сараланып есептелген (айына 0 бастап 0.06%) базалық комиссиялық сыйақы төледі.

2015 жылы Қор ҚРҰБ-ға активтерді басқарғаны үшін әр айдың басында Схеманың зейнетақы активтерінің сомасынан 0.005% мөлшерде инвестицияланбаған ақшалай қаражат шегерілген комиссия төледі. 2015 жылға сенімгерлікпен басқару үшін берілетін комиссияға ақшаның құнсыздану деңгейінен асатын инвестициялық кірістен 10% мөлшерде төленетін 16,172,374 мың теңге көлемінде кірістілік үстіне комиссия қосылады.

## 7. Пайыздық кіріс

| | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл, | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|
| **Пайыздық кіріс:** | | |
| Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері: | | |
| - құнсызданған қаржы активтері | 858,640 | - |
| - құнсызданбаған қаржы активтері | 4,826,882 | 1,629,018 |
| Әділ құн бойынша бағаланған қаржы активтері | 1,833,530 | 679,301 |
| **Пайыздық кіріс жиынтығы** | 7,519,052 | 2,308,319 |
| Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері: | | |
| Банктердегі қаржы: | 5,685,452 | 1,619,851 |
| Ақшалай қаражат және оның баламалары | 70 | 9,167 |
| Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінен түскен пайыздық кіріс жиынтығы | 5,685,522 | 1,629,018 |
| Әділ құны бойынша зейнетақы активтері: | | |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 1,833,530 | 679,301 |
| Әділ құн бойынша бағаланған қаржы активтерінен түскен пайыздық кіріс жиынтығы | 1,833,530 | 679,301 |
| **Пайыз есептелетін қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығынға дейінгі таза пайыздық кіріс** | **7,519,052** | **2,308,319** |

## 8. Қызметкерлерге жұмсалатын шығындар

| | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл, | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|
| Қызметкерлердің сыйақысы | 8,278,296 | 6,969,290 |
| Жалақы бойынша салықтар мен аударымдар | 825,601 | 686,505 |
| **Қызметкерлерге жұмсалатын шығындар жиынтығы** | **9,103,897** | **7,655,795** |

## 9. Жалпы әкімшілік шығыстар

| | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл. | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|
| Операциялық жалдау бойынша шығыстар | 1,026,763 | 823,236 |
| Амортизация | 641,392 | 251,543 |
| Пошталық қызмет және салымшыларды хабарландыру қызметі | 327,392 | 616,135 |
| Ақпараттық және телекоммуникациялық қызметтер | 287,292 | 192,813 |
| Жарнама және маркетинг | 263,753 | 34,689 |
| Кәсіби қызметтер | 176,457 | 6,160 |
| Бағдарламалық қамсыздандыруды қолдау қызметтері | 154,240 | 77,980 |
| Іссапар | 122,446 | 76,576 |
| Филиал қызметкерлерін автокөлікпен тасымалдау (тасу) қызметтері | 91,463 | 55,078 |
| Сақтандыру | 75,611 | 48,154 |
| Негізгі қаражат пен материалдық емес активтер бойынша шығыстар | 59,581 | 81,586 |
| Жөндеу және пайдалану | 54,032 | 33,052 |
| Коммуналдық қызметтер | 43,973 | 41,372 |
| Кеңсе тауарлары | 42,431 | 24,657 |
| Күзет | 35,145 | 27,396 |
| Банк қызметтері | 33,344 | 20,452 |
| Мүшелік жарналар | 28,192 | 9,991 |
| Кіріс салығынан өзгеше салықтар | 3,396 | 6,535 |
| Отын | 3,142 | 4,193 |
| Өкілдік шығыстар | 3,092 | 2,344 |
| Басқалар | 345,680 | 116,453 |
| **Жалпы әкімшілік шығыстар жиынтығы** | **3,818,817** | **2,550,395** |

## 10. Пайда салығы бойынша шығыстар

Қор ағымдағы кезең үшін пайда салығы бойынша есепті Қор жұмыс істейтін ҚР салықтық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын салықтық есеп деректерінің негізінде жасайды, оның ХҚЕС-тан ерекшелігі болуы мүмкін.

Шығыстардың кейбір түрлеріне салық салынбайтын болғандықтан, сондай-ақ Қордың да салық салынбайтын кірісі бар екенін ескерсек, белгілі бір салықтық айырмалар үнемі туындап отырады.

Кейінге қалдырылған салық активтердің есептегі құны мен қаржылық есептілік мақсатындағы міндеттемелер және салық салу мақсатында белгіленген сома арасындағы уақытша айырманың таза салықтық тиімділікті көрсетеді. 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде болған уақытша айырмашылықтар, негізінен, кіріс пен шығысты есептеудің түрлі әдістерімен/мерзімдерімен, сондай-ақ кейбір активтердің есептік және салықтық құнындағы айырмашылықтарға байланысты туындайтын уақытша айырмалармен байланысты.

| | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Пайдаға ағымдағы салық бойынша шығыс | (5,717,132) | (9,439,913) |
| Уақытша айырмашылықтардың туындауы және қалпына келтіру салдарынан кейінге қалдырылған салықтардың шамасын өзгерту | 893,116 | 2,660,394 |
| **Пайда салығы бойынша шығыстар жиынтығы** | **(4,824,016)** | **(6,779,519)** |

2016 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған салық мөлшерлемесі 20% құрады (2015 жылы: 20%).

**Табыс салығының тиімді мөлшерлемесін салыстыру:**

| | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Пайда салығына дейінгі пайда** | **25,851,108** | **34,413,021** |
| Әрекет ететін мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы | (5,170,222) | (6,882,604) |
| Шегерілмейтін шығыстар | 346,206 | 103,085 |
| **Пайда салығы бойынша шығыстар** | **(4,824,016)** | **(6,779,519)** |

2016 және 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активтері төмендегідей сипатта берілген:

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Салымдар бойынша шығындарды жабуға резерв | 3,151,650 | - |
| Бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға резервтер | 1,044,527 | - |
| Сенімгерлікпен басқарғаны үшін ҚРҰБ төлеміне комиссия | 114,257 | 3,322,293 |
| **Төлемге басқа шоттар** | 49,442 | 94,313 |
| Басқа активтер | 1,075 | 565 |
| Негізгі қаражат және материалдық емес активтер | (104,698) | (53,963) |
| Есептелген шығыстар | (741) | (812) |
| **Кейінге қалдырылған салық бойынша таза активтер** | **4,255,512** | **3,362,396** |

| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | **2016 жыл** | **2015 жыл** |
|---|---|---|
| **1 қаңтардағы кейінге қалдырылған салық активтері** | 3,362,396 | 702,002 |
| Табыстың немесе шығынның құрамынан көрінетін кейінге қалдырылған салықты өзгерту | 893,116 | 2,660,394 |
| **31 желтоқсанда – кейінге қалдырылған салық активтері** | **4,255,512** | **3,362,396** |

## 11. Ақша қаражаты және оның баламалары

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Банктердегі ағымдағы шоттар** | 12,026,933 | 11,909,266 |
| **Банктердегі мерзімді салымдар** | - | 5,009,167 |
| **Ақша қаражаты және оның баламаларының жиынтығы** | **12,026,933** | **16,918,433** |

Ақша қаражаты мен оның баламаларының ешбір бабы 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсызданған немесе мерзімін өткізген болып табылмайды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда бір ғана банк болған, оның үлесіне капиталдың 10% астамы тиесілі (2015 жылғы 31 желтоқсан: бір банк).
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген қалдықтардың жиынтық көлемі 11,987,651 мың теңгені (2015 жыл: 11,605,692 мың теңге) құрады.

## 12. Сату үшін қолда бар қаржы активтері

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Борыштық бағалы қағаздар | 24,073,703 | 20,117,993 |
| Үлестік бағалы қағаздар | 2,695 | 2,695 |
| Құнсыздану резерві | (5,222,635) | - |
| **Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің жиынтығы** | **18,853,763** | **20,120,688** |

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Борыштық бағалы қағаздар:** | | |
| **Мемлекеттік облигациялар** | | |
| - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары | 6,272,759 | 7,155,270 |
| **Корпоративтік облигациялар** | | |
| «Бузгул Аурум» ЖШС | 5,222,635 | - |
| «Еуразиялық банк» АҚ | 4,812,280 | 4,892,082 |
| «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ | 4,615,072 | 5,086,216 |
| «Банк «Bank RBK» АҚ | 3,139,759 | 2,984,425 |
| «Астана-Қаржы» АҚ | 11,198 | - |
| Корпоративтік облигациялар жиынтығы | 17,800,944 | 12,962,723 |
| **Құнсыздану резервіне дейінгі борыштық бағалы қағаздар жиынтығы** | **24,073,703** | **20,117,993** |
| Құнсыздану резерві | (5,222,635) | - |
| **Борыштық бағалы қағаздар жиынтығы** | **18,851,068** | **20,117,993** |
| **Үлестік бағалы қағаздар** | | |
| «Қазақстандық қор биржасы» АҚ акциялары | 2,695 | 2,695 |
| **Үлестік бағалы қағаздар жиынтығы** | **2,695** | **2,695** |
| **Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің жиынтығы** | **18,853,763** | **20,120,688** |

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда сату үшін қолда бар құнсызданған қаржы активтері – «Бузгул Аурум» ЖШС облигациялары болды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда сату үшін қолда бар мерзімі өткен немесе құнсызданған қаржы активтері болған жоқ.

2016 жылдағы құнсыздану резервінің қозғалысы туралы ақпарат төмендегідей сипатта берілген.

| | Корпоративтік облигациялар | Жиынтығы |
|---|---|---|
| **2015 жылғы 31 желтоқсанда** | - | - |
| Резерв есептеу | 5,222,635 | 5,222,635 |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанда** | 5,222,635 | 5,222,635 |

## 13. Банктердегі мерзімді салымдар

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| «Delta Bank» АҚ | 9,027,880 | 6,149,042 |
| «Казинвестбанк» АҚ | 6,730,370 | - |
| «Нурбанк» АҚ | 6,682,083 | - |
| «Цесна Банк» АҚ | 5,635,417 | 5,185,153 |
| «АзияКредит Банк» АҚ | 4,498,000 | 1,048,822 |
| «Банк «Bank RBK» АҚ | 4,460,656 | 2,148,889 |
| «Kaspi Bank» АҚ | 3,405,334 | 3,120,333 |
| «Еуразиялық Банк» АҚ | 3,380,000 | 1,580,771 |
| «Астана банкі» АҚ | 3,219,333 | - |
| «Эксимбанк Қазақстан» АҚ | 2,015,016 | - |
| «Qazaq Banki» АҚ | - | 4,541,260 |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ | - | 1,072,205 |
| «Хоум Кредит энд Финанс Банк» АҚ ЕБ | - | 2,074,301 |
| | 49,054,089 | 26,920,776 |
| Құнсыздану резерві | (15,758,250) | - |
| **Банктердегі қаржы жиынтығы** | 33,295,839 | 26,920,776 |

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Delta Bank» АҚ мен «Қазинвестбанк» АҚ орналастырылған депозиттер бойынша құнсыздану резервтері 100% мөлшерінде құралды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда мерзімі өткен немесе құнсызданған мерзімді банк салымдары болған жоқ.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда бір ғана банк болған, оның үлесіне капиталдың 10% астамы тиесілі. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген қалдықтардың жиынтық көлемі 9,027,880 мың теңгені құрады.
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор осы банктегі мерзімді салымдар бойынша 100% құнсыздану резервін есептеді.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда бір ғана банк болған, оның үлесіне капиталдың 10% астамы тиесілі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген қалдықтардың жиынтық көлемі 6,149,042 мың теңгені құрады.

2016 жыл іші құнсыздану резервінің қозғалысы туралы ақпарат төмендегідей сипатта берілген.

| | Банктердегі мерзімді салымдар | Жиынтығы |
|---|---|---|
| **2015 жылғы 31 желтоқсан** | - | - |
| Резерв есептеу | 15,758,250 | 15,758,250 |
| **2016 жылғы 31 желтоқсан** | **15,758,250** | **15,758,250** |

## 14. Алынатын комиссиялық кірістер

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Схеманың активтері бойынша инвестициялық кірістен алынатын комиссия | 1,445,899 | 5,009,283 |
| Схеманың зейнетақы активтерінен алынатын комиссия | 1,466,828 | 1,338,925 |
| **Алынатын комиссиялық кірістер жиынтығы** | **2,912,727** | **6,348,208** |

## 15. Негізгі қаражат және материалдық емес активтер

| | Ғимарат | Компьютерлік жабдық | Офис жабдығы | Транспорттық құрал | Лицензиялар | Бағдарламалық қамтамасыз ету | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Бастапқы құны*** | | | | | | | |
| 2016 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | 101,475 | 1,042,249 | 245,445 | 45,782 | 97,454 | 470,620 | 2,003,025 |
| Түсімдер | - | 938,355 | 101,665 | 7,014 | 209,739 | 586,940 | 1,843,713 |
| Қайта бағалау | - | - | - | 20,770 | - | - | 20,770 |
| Есептен шығару | - | (18,713) | (9,481) | (27,038) | - | (6,875) | (62,107) |
| **2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **101,475** | **1,961,891** | **337,629** | **46,528** | **307,193** | **1,050,685** | **3,805,401** |
| ***Тозу және амортизация*** | | | | | | | |
| 2016 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | (2,748) | (535,357) | (141,944) | (17,306) | (45,199) | (212,471) | (955,025) |
| Жыл ішіндегі тозу және амортизация | (2,537) | (214,411) | (30,647) | (9,796) | (129,971) | (254,030) | (641,392) |
| Есептен шығару | - | 18,696 | 9,481 | 23,875 | - | 6,875 | 58,927 |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға қалдық** | **(5,285)** | **(731,072)** | **(163,110)** | **(3,227)** | **(175,170)** | **(459,626)** | **(1,537,490)** |
| ***Теңгерім құны*** | | | | | | | |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **96,190** | **1,230,819** | **174,519** | **43,301** | **132,023** | **591,059** | **2,267,911** |

| | Ғимарат | Компьютер-лік жабдық | Офис жабдығы | Транспорттық құрал | Лицензиялар | Бағдарлама-лық қамтамасыз ету | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Бастапқы құны*** | | | | | | | |
| 2015 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | 101,475 | 791,970 | 253,793 | 46,485 | 71,171 | 408,489 | 1,673,383 |
| Түсімдер | - | 281,541 | 1,290 | 10,329 | 29,087 | 106,388 | 428,635 |
| Есептен шығару | - | (31,262) | (9,638) | (11,032) | (2,804) | (44,257) | (98,993) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **101,475** | **1,042,249** | **245,445** | **45,782** | **97,454** | **470,620** | **2,003,025** |
| ***Тозу және амортизация*** | | | | | | | |
| 2015 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | (211) | (419,351) | (122,371) | (21,130) | (33,533) | (205,336) | (801,932) |
| Жыл ішіндегі тозу және амортизация | (2,537) | (146,761) | (29,178) | (7,207) | (14,468) | (51,392) | (251,543) |
| есептен шығару | - | 30,755 | 9,605 | 11,031 | 2,802 | 44,257 | 98,450 |
| **2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **(2,748)** | **(535,357)** | **(141,944)** | **(17,306)** | **(45,199)** | **(212,471)** | **(955,025)** |
| ***Теңгерім құны*** | | | | | | | |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **98,727** | **506,892** | **103,501** | **28,476** | **52,255** | **258,149** | **1,048,000** |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 443 қаулысына сәйкес, 2014 жылғы 18 қарашада Қор балансына Астана қаласы, Республика даңғылы, 4, 2-КБ мекенжайы бойынша жалпы аумағы 247,8 шаршы метрді құрайтын тұрғын емес үй-жайды қабылдады. Ғимарат бұрын мемлекет меншігінде болған және Қорға шығарған акцияларының төлемі ретінде берілген болатын. Өткізу сәтінде құны тәуелсіз бағалаушымен бағаланды және 101,475 мың теңгені құрады.

Қор басшылығы 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ғимараттың әділ құны оның теңгерім құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді деп есептейді.

## 16. Сенімгерлікпен басқарғаны үшін ҚРҰБ төлеміне комиссия

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Сенімгерлікпен басқарғаны үшін ҚРҰБ төлеміне комиссия | 571,285 | 16,611,467 |

2015 жылғы 31 желтоқсанда төлем комиссиясы 2015 жылғы желтоқсанда алынған қызметтер үшін есептелген, оған үстеме кірістілік (7-ескертпе) үшін комиссия кіреді және 2016 жылдың қаңтарында төленген.

## 17. Басқа міндеттемелер

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Төлемге шоттар | 3,059 | 13,168 |
| Демалыс резерві | 141,333 | 131,807 |
| **Басқа қаржы міндеттемелердің жиынтығы** | **144,392** | **144,975** |
| Сыйлықақылар бойынша резерв | - | 271,000 |
| Төленетін басқа салықтар | 289,169 | 214,874 |
| Басқа қаржылық емес міндеттемелер | 92,319 | 39,094 |
| **Басқа қаржылық емес міндеттемелердің жиынтығы** | **381,488** | **524,968** |
| **Басқа міндеттемелердің жиынтығы** | **525,880** | **669,943** |

## 18. Акционерлік капитал

### Шығарылған капитал

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған және айналымдағы акционерлік капитал жалпы сомасы 7, 114, 244 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсан: 7, 114,244 мың теңге) 9,489,248 қарапайым акциялардан (2015 жылғы 31 желтоқсан: 9,489,248) тұрды. Қордың қарапайым акцияларының номиналды құны жоқ және жарғы капиталына салынған салымдардың нақты құны бойынша есептеледі.

### Дивидендтер

Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз акциялары бойынша дивидендтер төлемейді және есептемейді. Қор Жарғысына сәйкес Қордың таза пайдасы тек Қордың дамуына бағытталады.

### Резервтік капитал

2005 жылғы 08 шілдедегі өзгерістерге дейін әрекет еткен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Қордың таза пайдасы есебінен құрылған резерві болуы қажет. Осы уақытта таза пайда есебінен резервтік капиталды құру бойынша талап жоқ. Резервтік капитал Қор акционерінің шешімі бойынша бөлінуі мүмкін. Қор 2017 жылы резервтік капиталдың қалдығын үлестірілмеген пайда құрамына қайта аударуды жоспарлауда.

### Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау резерві

Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резервке активтерді немесе олардың құнсыздануын тануды тоқтатқан сәтке дейін әділ құнының жинақталған таза өзгерісі кіреді.

## 19. Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару коммерциялық қызметінің негізінде жатыр және Қордың операциялық қызметінің негізгі элементі болып табылады. Баға тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел, сонымен қатар кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелі Қордың өз қызметін жүзеге асыруы барысында тоғысатын негізгі тәуекел болып табылады.

**Тәуекелдерді басқару саясаты және рәсімдері**

Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Қор ұшыраған тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер шегін және тиісті бақылауды белгілеуге, сонымен қатар, тәуекел деңгейін және оның белгіленген лимиттерге сәйкестілігін тұрақты түрде бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың қалыпты қызметінің бұзылуына әкелуі мүмкін оқиғалардың уақытылы анықталуы, бағалануы және алдын алуға бағытталған бақылау жүйесін белгілейтін кешенді жолды пайдаланады. Қордың тәуекелдерді басқару үдерістерін Қордың Тәуекелдерді басқару бөлімшесі белгілейді және іске асырады.

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы, сондай-ақ Қор қызметкерлері тәуекелдерді басқарудың осындай үрдістерін әзірлеуге және іске асыруға қатысады.

Қордың Директорлар кеңесі Қордың ішкі саясаты мен рәсімдерін бекітеді және тәуекелдерді бақылау мен ішкі бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуі үшін жалпы жауапкершілікті көтереді. Ол Қордың қаржылық жағдайын қадағалауға және Қордың әрбір есепті кезеңдегі қызметін талдау мен бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты үнемі алып отырады. Қор Басқармасы тәуекелді азайту шараларын мониторинг пен іске асыруға және қаржы құралдарын сатып алу мен сату кезіндегі шығындарды азайтуға бағытталған операциялық рәсімдерді бекітуге жауапты болады. Қор Басқармасы инвестициялық лимиттердің сақталуын бақылайды.

Қор әрбір бөлімшенің құрамында жауапты тұлғалардың тағайындайды, олардың міндетіне бизнес үдерістерінің матрицасын әзірлеу мен үздіксіз жаңғырту және осы бизнес үдеріске тән әлеуетті және анықталған тәуекелдерді бағалау кіреді.

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – Нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының немесе әділ құнының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және өзіне тән өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейі өзгерістерінің ықпалына ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, нарықтық тәуекелге ұшыраудың тиімді өлшемдер шегінен шықпауын бақылау және басқару нарықтық тәуекелді басқару міндеті болып табылады.

Қордың Басқарма Төрағасы басқаратын инвестициялық комитет нарықтық тәуекелді басқаруға жауапты болады. Инвестициялық комитет Қордың тәуекелдерді басқару бөлімшесінің ұсынымдарын негізге ала отырып, нарықтық тәуекелдің лимитін бекітеді.

**Пайыздық тәуекел**

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының немесе әділ құнының өзгеру тәуекелі. Көптеген нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары Қордың қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағындарына әсер етеді. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін ұлғайта алады, бірақ оны азайтуы не пайыздық мөлшерлемелер аяқ асты өзгерген жағдайда шығындардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

**Пайыздық мөлшерлемелердің езгеру сезімталдығын талдау**

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдеріне жасалған талдау негіздегі сыйақы мөлшерлемелерінің езгеру тәуекелдерін басқару қаржы активтері мен міндеттемелерінің сезімталдығы мониторингімен толықтырылады.

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша қисық кірістіліктің 100 базистік тармаққа және позицияға бірдей төмендеуінің немесе өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде құралған пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне (пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі) пайда немесе шығын және капитал сезімталдығының талдауы (салық шегерілген) төмендегідей сипатта берілуі мүмкін:

**Салық салғанға дейінгі пайда мен шығынға ықпалы:**

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Мөлшерлемелердің азаю жағына қарай қатарынан 100 базистік тармаққа жылжуы | (21,232) | (20,455) |
| Мөлшерлемелердің ұлғаю жағына қарай қатарынан 100 базистік тармаққа жылжуы | 21,232 | 20,455 |

**Капиталға ықпалы:**

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Мөлшерлемелердің азаю жағына қарай қатарынан 100 базистік тармаққа жылжуы | 662,323 | 734,854 |
| Мөлшерлемелердің ұлғаю жағына қарай қатарынан 100 базистік тармаққа жылжуы | (361,686) | (687,851) |

**Валюталық тәуекел**

Қорда бірнеше шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер бар.

Валюталық тәуекел - валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеуі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құны немесе болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюта бөлігіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы былайша берілуі мүмкін:

| | Теңге | АҚШ доллары | Еуро | Рубль | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 11,316,919 | 576,432 | 131,187 | 2,395 | 12,026,933 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 14,041,483 | 4,812,280 | - | - | 18,853,763 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 31,280,823 | 2,015,016 | - | - | 33,295,839 |
| Алынатын комиссиялық кіріс | 2,912,727 | - | - | - | 2,912,727 |
| **Барлық активтер** | **59,551,952** | **7,403,728** | **131,187** | **2,395** | **67,089,262** |
| **Міндеттемелер** | | | | | |
| ҚРҰБ-ға сенімгерлікпен басқарғаны үшін төленетін комиссия | 571,285 | - | - | - | 571,285 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 144,392 | - | - | - | 144,392 |
| **Барлық міндеттемелер** | **715,677** | - | - | - | **715,677** |
| **2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция** | **58,836,275** | **7,403,728** | **131,187** | **2,395** | **66,373,585** |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюта бөлігіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы былайша берілуі мүмкін:

| | Теңге | АҚШ доллары | Барлығы |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 16,736,579 | 181,854 | 16,918,433 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 15,228,606 | 4,892,082 | 20,120,688 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 21,735,624 | 5,185,152 | 26,920,776 |
| Алынатын комиссиялық кіріс | 6,348,208 | - | 6,348,208 |
| **Барлық активтер** | **60,049,017** | **10,259,088** | **70,308,105** |
| **Міндеттемелер** | | | |
| ҚРҰБ-ға сенімгерлікпен басқарғаны үшін төленетін комиссия | 16,611,467 | - | 16,611,467 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 144,975 | - | 144,975 |
| **Барлық міндеттемелер** | **16,756,442** | - | **16,756,442** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция** | **43,292,575** | **10,259,088** | **53,551,663** |

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позицияларға және АҚШ доллары теңгеге қатысты айырбастау бағамының тиісінше 10% және 30% жеңілдетілген сценариіне негізделген валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруіне пайда немесе шығын және капитал сезімталдығының талдауы төмендегідей сипатта берілуі мүмкін:

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|
| АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 10% өсуі | 740,373 |
| АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 10% түсуі | (740,373) |

| | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|
| АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 30% өсуі | 3,077,727 |
| АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 30% түсуі | (3,077,727) |

**Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел – бұл Қордың қарсы агентінің міндеттемелерді орындамауының нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі. Қор кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) контрагенттер немесе контрагенттер тобы бойынша кредиттік тәуекелдің шоғырлану лимитін белгілеу және сақтау талаптарын қамтитын бекітілген саясат пен процедураларды қолдану арқылы басқарады.

Қор кредиттік тәуекелген ұшырағыштықтың жекелеген көздерінің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізеді жән өзінің қарсы агенттерінің төлем қабілеттілігін қайта бағалауды жүйелі негізде жүргізеді. Қайта бағалау үрдістері қарсы агенттің соңғы қаржы күніндегі қаржылық есептілігін немесе Қордың басқа тәсілмен алған басқа ақпаратын талдауға негізделеді.

Кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі әдетте қаржылық жағдай туралы есептегі қаржы активтерінің теңгерімдік құнында және танылмаған шарттық міндеттемелер сомасында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігінің әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендетуге айтарлықтай маңызы жоқ.

Есептік күндегі жағдай бойынша қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі былай берілуі мүмкін:

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 12,026,933 | 16,918,433 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 18,853,763 | 20,120,688 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 33,295,839 | 26,920,776 |
| Алынатын комиссиялық кіріс | 2,912,727 | 6,348,208 |
| Кредиттік тәуекелдің барлық ең жоғары деңгейі | **67,089,262** | **70,308,105** |

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың үш контрагенті бар (2015 жылғы 31 желтоқсан: үш контрагент), кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы кредиттік тәуекелге ұшырауыдың ең жоғарғы деңгейінің 10%-нан асады.
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған контрагенттерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшырау 27,780,347 мың теңгені құрады (2015 жыл: 47,873,545 мың теңге).

Бұдан әрі Қордың кредиттік рейтинг бойынша өзге мерзімі өтпеген және құнсызданбаған қаржы активтерінің жіктелуі берілген (Бұл ақпарат мерзімі өтпеген және құнсызданбаған барлық қаржы активтерін\ үшін ұсынылады):

| | <BBB | Кредиттік рейтінг берілмеген | Жиынтығы |
|---|---|---|---|
| **2016 жылғы 31 желтоқсан** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 12,026,933 | - | 12,026,933 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 18,839,870 | 13,893 | 18,853,763 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 33,295,839 | - | 33,295,839 |
| **2015 жылғы 31 желтоқсан** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 16,918,433 | - | 16,918,433 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 20,117,993 | 2,695 | 20,120,688 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 26,920,776 | - | 26,920,776 |

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Қор өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатын тарту қиындықтарына ұшырау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелері мен өтеу мерзімі бойынша сәйкестігі және/немесе бақылауға алынған сәйкессіздігі өтімділік тәуекелін басқарудың негізін қалаушы сәт болып табылады. Жүргізіліп жатқан операциялардың әр түрлілігі мен олармен байланысты белгісіздік салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша толық сәйкесуі қаржы институттары үшін операциялардың табыстылығын арттыруға мүмкіндік беретін қарапайым тәжірибе емес, алайда шығындардың туындау тәуекелін арттырады

Қор міндеттемелерді өтеу мерзімінің туындауына қарай барлық міндеттемелерді орындауға қажетті ақшалай қаражаттың тұрақты түрде болуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті өтімділік деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару саясатын Директорлар кеңесі қарайды және бекітеді

Қор өтімділікті басқару саясатын жүргізеді, ол:

- Қор активтерінің уақытында инвестициялануын қамтамасыз етуден;
- Қаржы құралдары мен валюта типті портфельдегі бағалы қағаздардың түрлері бойынша Қордың активтері мен міндеттемелері өтімділігін талдаудан
- Қордағы ақша қаражатының келуін және кетуін бақылаудан;
- Тәуекелдің туындауына қарай міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаражаттың болуын қамтамасыз ету мақсатында Қордың өтімділігіне байланысты тәуекелді бағалау және бақылаудан тұрады.

Төмендегі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомалардың (болжамды өтеу мерзімдері бөлігіндегі) талдауы берілген:

| | Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан көп | Өтеу мерзімі жоқ | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Туынды емес активтер** | | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 12,026,933 | - | - | - | - | - | 12,026,933 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 3,139,760 | 354,671 | 4,964,799 | 2,711,207 | 7,680,631 | 2,695 | 18,853,763 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 7,367,717 | 14,610,239 | 5,769,966 | 5,547,917 | - | - | 33,295,839 |
| Алынатын комиссиялық кіріс | 2,912,727 | - | - | - | - | - | 2,912,727 |
| **Барлық активтер** | **25,447,137** | **14,964,910** | **10,734,765** | **8,259,124** | **7,680,631** | **2,695** | **67,089,262** |
| **Туынды емес міндеттемелер** | | | | | | | |
| ҚРҰБ-ға сенімгерлікпен басқарғаны үшін төленетін комиссия | 571,285 | - | - | - | - | - | 571,285 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 144,392 | - | - | - | - | - | 144,392 |
| **Барлық міндеттемелер** | **715,677** | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** | **715,677** |
| **Таза позиция** | **24,761,460** | **14,964,910** | **10,734,765** | **8,259,124** | **7,680,631** | **2,695** | **66,373,585** |

Төмендегі кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомалардың (болжамды өтеу мерзімдері бөлігіндегі) талдауы берілген

| | Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан көп | Өтеу мерзімі жоқ | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Туынды емес активтер** | | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 16,918,433 | - | - | - | - | - | 16,918,433 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 5,333 | 424,755 | 3,215,305 | 6,730,724 | 9,741,876 | 2,695 | 20,120,688 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 5,185,152 | 1,081,667 | 17,533,624 | 3,120,333 | - | - | 26,920,776 |
| Алынатын комиссиялық кіріс | 6,348,208 | - | - | - | - | - | 6,348,208 |
| **Барлық активтер** | **28,457,126** | **1,506,422** | **20,748,929** | **9,851,057** | **9,741,876** | **2,695** | **70,308,105** |
| **Туынды емес міндеттемелер** | | | | | | | |
| ҚРҰБ-ға сенімгерлікпен басқарғаны үшін төленетін комиссия | 16,611,467 | - | - | - | - | - | 16,611,467 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 144,975 | - | - | - | - | - | 144,975 |
| **Барлық міндеттемелер** | **16,756,442** | - | - | - | - | - | **16,756,442** |
| **Таза позиция** | **11,700,684** | **1,506,422** | **20,748,929** | **9,851,057** | **9,741,876** | **2,695** | **53,551,663** |

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелер қысқа мерзімді болып табылады, және осылайша олардың дисконтталмаған құнынан ерекшеленбейтін болады.

## 20. Капиталды басқару

Қорда капиталға сыртқы талаптар жоқ.

## 21. Операциялық жалдау

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда жойылмаған операциялық жалдау шарттары бойынша елеулі кредиторлық берешегі болған жоқ.

2016 жыл ішінде 1,026,763 мың теңге сомасындағы шығыс операциялық жалдау шартына қатысты (2015 жылы: 823,236 мың теңге) пайда немесе шығын құрамында болған.

## 22. Шартты міндеттемелер

**Сақтандыру**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы қалыптасу сатысында тұр, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғауының көптеген түрлері әзірге Қазақстан Республикасында болмай тұр. Қор ғимарат пен жабдықтарды, қызметінің уақытша тоқтап қалуын сақтандырудың немесе Қордың мүлкін пайдалану нәтижесінде немесе Қордың қызметіне қатысты басқа жағдайларда келтірілген мүліктік немесе экологиялық залал бөлігі бойынша үшінші тұлғаның жауапкершілігіне қатысты сақтандырудың толық көлемін жүзеге асырған жоқ. Қор өз қызметін жеткілікті деңгейде сақтандырмайынша, белгілі бір активтерді жоғалту немесе зақымдау Қордың қызметіне және қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпалын тигізуі мүмкін болатын тәуекел бар.

**Аяқталмаған сот шығасылары**

2016 жылғы желтоқсан айында Қор басқармасының бұрынғы төрағасы мен тәуекелдерді басқару бөлімшесінің қызметкеріне қатысты Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Қылмыстық кодексінің 189-бабы 4-б. 2-тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Егер аталған сот талқылауына байланысты салық органдары тарапынан Қордың қандай да бір қарсы агентін жалған кәсіпорын деп және (немесе) осындай қарсы агенттермен мәмілелерді жарамсыз және (немесе) нақты жұмысты орындамастан (қызмет көрсетпестен) жасалған деп тану туралы шағым-талаптар болатын блса, Қорда айыппұл санкциялары мен өсімпұлдар есептелу тәуекелі бар. Қор қазіргі уақытта сот шешімін алуды күтіп отыр және бұл оқиғаның өзінің қаржылық жағдайына ықпал ету мүмкіндігін бағалайды.

**Шартты салық міндеттемелері**

Қазақстан Республикасының салық жүйесі біршама жаңа жүйе және жиі өзгертілетін нормативтік құжаттардың, нормативтік құжаттардың ресми түсініктерінің және сот органдарының шешімдерін сипаттайды, кейде оның әрекеттерінің кері күші болуы мүмкін және салық органдары тарапынан әртүрлі түсінік беретіндіктен, кей жағдайда қайшы тұжырымдалуы мүмкін. Салықтарды дұрыс есептеу құзыретіне елеулі айыппұлдар, тұрақсыздық айыбын салу мен пайыздарды есептеу кіретін органдар тарапынан қарау және егжей-тегжейлі тексеру болып табылады. Салық жылы жыл аяқталғаннан кейін келесі бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тарапынан тексеру жүргізу үшін ашық болып қалады. Бұл ретте белгілі бір жағдайларда салық жылы ұзақ мерзім ішінде ашық болып қалады. Қазақстан Республикасында орын алған жақындағы оқиға салық органдары салық заңнамасына түсінік беруде және оны қолдануда қатаң позицияларды ұстанатынын көрсетті.

Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасында салық тәуекелін құрады, басқа елдерде мұндай тәуекелдер айтарлықтай шамадан асады. Басшылықтың пікірі бойынша салық міндеттемелері басшылықтың Қазақстан Республиканың қолданыстағы салық заңнамасын, нормативтік құжаттардың ресми түсіндірмелері мен сот органдарының шешімдерін түсінуіне қарай осы қаржылық есепте толықтай көрсетілген. Алайда, салық заңнамасын түсінудегі әртүрлі реттеуші органдардың пікірі мен басшылықтың пікірінде айырмашылық болатынын назарға алатын болсақ, егер реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлі шара қолданылса, олар Қордың қаржы жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін. Салық органдары тарапынан соңғы салықтық тексеру 2009 жылдан бастап 2013 жыл аралығында болды және 2016 жылы аяқталды.

**Операциялық орта**

Қазақстан Республикасын қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары дамыған нарықтардың тәуекелдерінен басқа экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге ұшырағыш. Қазақстан Республикасында бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін, оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі де бар. Қазақстан Республикасының болашақ даму бағыты көп жағдайда мемлекеттің заңдар мен нормативтік актілерді қабылдайтын салық және кердиттік-ақша саясатына, сондай-ақ елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты болады. Қазақстан Республикасы мұнай мен газды ең көп көлемде өндіріп, экспортқа шығаратын болғандықтан, Қазақстан Республикасының экономикасы мұнай мен газ бағасының әлемдік бағасының өзгеруіне ерекше сезімтал болады

2014-2016 жылдар ішінде энергия ресурстарының бағасы айтарлықтай төмендеген, бұл экспорттық түсімнің айтарлықтай қысқаруына әкеп соқтырды. 2015 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі теңгенің құбылмалы бағамына негізделген жаңа ақшалай-кредиттік саясатқа ауысатыны туралы хабарлап, валюта дәлізінің күшін жояды. 2015 жылы, сонымен қатар 2016 жылдың I тоқсанында Теңге негізгі шетел валюталарына қатысты елеулі түрде құнсызданды

Компания басшылығы экономикалық ахуалдың бүгінгі өзгерістерін бақылап, таяу болашақта Компанияның тұрақтылығын сақтап қалу мен бизнесін дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды. Бірақ, экономикалық ахуалдағы өзгерістердің Компания қызметінің болашақ нәтижелеріне және қаржылық жағдайына ықпалы айтарлықтай болуы мүмкін

## 23. Байланысқан тараптармен операциялар

**Бақылау қатынастары**

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Қор акцияларының 100% ие Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың соңғы бақылаушы тарабы болып есептелді (1-ескертпені қараңыз).

**Қордың Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерімен жасалатын операциялар**

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдардағы «Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар» бабына қосылатын сыйлықақылардың жалпы мөлшері төмендегі сипатта берілуі мүмкін:

| | 2016 жылғы 31 желтоқсан мың теңгемен | 2015 жылғы 31 желтоқсан мың теңгемен |
|---|---|---|
| Қызметкерлерге қысқамерзімді сыйлықақылар | 97,940 | 64,410 |
| | **97,940** | **64,410** |

Көрсетілген сомаларға Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне берілген ақшалай және ақшалай емес сыйлықақылар да қосылады.

**Басқа байланысқан тараптармен жасалатын операциялар**

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептесулер бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде байланысқан тараптармен жасалатын операциялардан түскен тиісті пайда мен шығын төмендегідей болды:

| | Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі мың теңгемен | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мың теңгемен | Схема мың теңгемен | Барлығы мың теңгемен |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық жағдай туралы есеп** | | | | |
| **АКТИВТЕР** | | | | |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | - | 6,272,759 | - | 6,272,759 |
| Алынатын комиссиялық кіріс | - | - | 2,912,727 | 2,912,727 |
| Төлемге комиссия | 571,285 | - | - | 571,285 |
| **Пайда немесе шығын** | | | | |
| Комиссиялық кіріс | - | - | 58,563,783 | 58,563,783 |
| Комиссиялық шығыс | 5,944,672 | - | - | 5,944,672 |
| Пайыздық кіріс | - | 550,739 | - | 550,739 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептесулер бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде байланысқан тараптармен жасалатын операциялардан түскен тиісті пайда немесе шығын төмендегідей болды:

| | Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі мың теңгемен | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мың теңгемен | Схема мың теңгемен | Барлығы мың теңгемен |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық жағдай туралы есеп** | | | | |
| **АКТИВТЕР** | | | | |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | - | 7,155,270 | - | 7,155,270 |
| Алынатын комиссиялық кіріс | - | - | 6,348,208 | 6,348,208 |
| Төлемге комиссия | 16,611,467 | - | - | 16,611,467 |
| **Пайда немесе шығын** | | | | |
| Комиссиялық кіріс | - | - | 58,856,318 | 58,856,318 |
| Комиссиялық шығыс | 20,753,147 | - | - | 20,753,147 |
| Пайыздық кіріс | - | 449,937 | - | 449,937 |

## 24. Қаржы құралдарының әділ құны

ХҚЕС-ке сәйкес әділ құн активті сату кезінде алынған немесе нарықтың қатысушылары арасындағы бағалау күнгі әдеттегі мәміле аясында міндеттемелерді беру кезінде төленген бағаны есакере отырып белгіленеді.

**Қордың үнемі әділ құн бойынша есептелетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны.** Қордың кейбір қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері әділ құны бойынша әрбір есептік кезеңнің соңында есептеледі. Төмендегі кестеде қаржы активтері деректерінің әділ құны қалай белгіленетіндігіне қатысты ақпарат берілген.

| | Төмендегі уақыттағы жағдай бойынша әділ құн | | Әділ құн иерархиясы | Бағалау әдісі және негізгі толықтырулар |
|---|---|---|---|---|
| | **2016 жылғы 31 желтоқсан** | **2015 жылғы 31 желтоқсан** | | |
| Сату үшін қолда бар туынды емес қаржы активтері | 18,851,068 | 20,117,993 | 1-деңгей | Белсенді нарықтағы сатып алушы белгілейтін бағалар |

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтеріне тиісінше 11,198 мың теңге және 2, 695 мың теңге сомасындағы бастапқы құнымен берілген «Қазақстандық Қор биржасы» АҚ мен «Астана Финанс» АҚ акциялары қосылған болатын.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтеріне 2,695 мың теңге сомасындағы бастапқы құнымен берілген «Қазақстандық Қор биржасы» АҚ акциялары қосылған болатын.

1 және 2-деңгейлер арасындағы қаржы құралдарын қайта жіктеу жыл ішінде жүргізілмеді.

**Үнемі әділ құн бойынша есептелмейтін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны (бірақ міндетті түрде әділ құнын ашумен).**

Қор басшылығының пікірі бойынша, қаржылық есептілікте керсетілген Қордың қаржы активтері мен міндеттемелерінің теңгерім құны шамамен олардың әділ құнына тең.